# «FREEDOM FINANCE INSURANCE» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
қаржылық есептілік және тәуелсіз аудитор есебі

# «Freedom Finance Insurance» сақтандыру компаниясы» АҚ

## Мазмұны


| | Бет |
|---|---|
| 2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӨНІНДЕГІ БАСШЫЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ | 1 |
| ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ЕСЕБІ | 2-4 |
| 2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК: | |
| Қаржылық жағдай туралы есеп | 5 |
| Пайда мен шығындар туралы есеп | 6 |
| Өзге жиынтық кіріс туралы есеп | 7 |
| Капиталдағы өзгерістер туралы есеп | 8 |
| Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есеп | 9-10 |
| Қаржылық есептілікке ескертулер | 11-70 |

# «Freedom Finance Insurance» сақтандыру компаниясы» АҚ

**2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші қаржылық есептілікті дайындау және бекіту үшін жауапкершілік жөніндегі басшылық мәлімдемесі**

---

Басшылық «Freedom Finance Insurance» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Компания) 2022 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайын шынайы көрсететін қаржылық есептілікті, сондай-ақ оның сол күні аяқталған жыл іші пайда мен шығындар туралы, өзге жиынтық кіріс туралы, капиталдағы өзгерістер туралы және ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы тиісті есептерді дайындауға, сондай-ақ есеп саясатының негізгі қағидаттарын және қаржылық есептілікке (бұдан әрі – «қаржылық есептілік») өзге ескертулерді Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес ашып көрсетуге жауапты.

Қаржылық есептілікті дайындау барысында басшылық:

- есеп саясатының негізгі қағидаттарын дұрыс таңдауға және қолдануды қамтамасыз етуге;
- ақпаратты, соның ішінде есеп саясаты туралы деректерді осындай ақпараттың орындылығын, нақтылығын, салыстырымдылығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанда беруге;
- • пайдаланушыларға есептілікті түсіну үшін ХҚЕС талаптарының орындалуы жеткіліксіз болғанда, сондай-ақ өзге де оқиғалар немесе шарттар Компания қызметінің қаржылық жағдайы мен қаржылық нәтижелеріне әсер еткен жағдайларда қосымша ақпаратты ашуға;
- Компанияның өз қызметін келешекте жалғастыру қабілетін бағалауға жауапты.

Басшылық сонымен қатар:

- Компанияның тиімді және сенімді ішкі бақылау жүйесін әзірлеуге, енгізуге және қолдауға;
- есепке алуды Компанияның мәмілелерін ашуға және түсіндіруге, сондай-ақ кез келген күнге Компанияның қаржылық жағдайы туралы жеткілікті дәл ақпарат беруге және қаржылық есептіліктің ХҚЕС талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін нысанда жүргізуге;
- бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізуге;
- Компания активтерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін мүмкін болатын барлық орынды шараларды қабылдауға; және
- қаржылық және өзге де асыра пайдалану фактілерін анықтауға және олардың алдын алуға жауапты.

Компанияның 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші осы қаржылық есептілігін Компания Басқармасы 2023 жылғы 25 сәуірде бекітті.

**Басқарма атынан:**

| | |
|---|---|
| **Керімбаев А.Р.** | **Хон И.Э.** |
| **Басқарма Төрағасы** | **Бас бухгалтер** |
| 2023 жылғы 25 сәуір | 2023 жыл 25 сәуір |
| Алматы қаласы, Қазақстан | Алматы қаласы, Қазақстан |

Deloitte.

«Делойт» ЖШС
Әл-Фараби даңғылы, 36
Алматы, 050059
Қазақстан Республикасы

Тел: +7 (727) 258 13 40
Факс: +7 (727) 258 13 41
deloitte.kz

**ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ЕСЕБІ**

«Freedom Finance Insurance» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының Акционері мен Директорлар Кеңесіне

**Пікір**

Біз 2022 ж. 31 желтоқсандағы қаржылық жағдай туралы есептен, 2022 ж. іші пайда мен шығындар туралы және өзге жиынтық кіріс туралы, капиталдағы өзгерістер туралы және ақшалай қаражат қозғалысы туралы есептерінен, сонымен қатар қаржылық есептілікке ескертулерден, соның ішінде есеп саясатының негізгі қағидаларына қысқаша шолудан тұратын «Freedom Finance Insurance» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - «Компания») қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қоса берілген қаржылық есептілік 2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның қаржылық жағдайын, сондай-ақ Халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес 2022 ж. іші қаржылық нәтижелері мен ақшалай қаражатының қозғалысын барлық маңызды аспектілерде шынайы көрсетеді

**Пікір білдіру негізі**

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына («ХАС») сәйкес жүргіздік. Аталған стандарттарға сәйкес біздің жауапкершілігіміз есебіміздің *«Қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі»* бөлімінде көрсетілген. Біз *Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары бойынша кеңестің Кәсіби бухгалтерлердің әдеп кодексіне* («Кодекс») сәйкес және Қазақстан Республикасында қаржылық есептіліктің аудитіне қолданылатын әдеп талаптарына сәйкес Компанияға қатысты тәуелсізбіз. Сонымен қатар, біз осы талаптарға және Кодекске сәйкес өзге де әдеп міндеттемелерін орындадық. Біздің пікірімізше, біз алған аудиторлық дәлелдемелер пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті әрі тиісті болып табылады.

**Басшылықтың және корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалардың қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі**

Басшылық осы қаржылық есептілікті дайындауға және оның ХҚЕС сәйкес шынайы ұсынылуына, сонымен қатар басшылықтың пікірінше алаяқтық немесе қателесуден болатын айтарлықтай бұрмалаушылықтары болмайтын қаржылық есептілікті дайындауға қажет болатын ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

«Делойт» атауы «Делойт Туш Томацу Лимитед» (бұдан әрі — «ДТТЛ») құрамына кіретін және бірлесіп «Делойт» ұйымы» деп аталатын заңды тұлғалардың (олардың үлестес тұлғаларын қоса алғанда) біреуіне не кез келген санына жатады. «Делойт» халықаралық желісі «деп те аталатын «ДТТЛ» компаниясы, «ДТТЛ»-ға қатысушы барлық фирмалар және олардың үлестес тұлғаларының әрқайсысы бір-бірінің атынан үшінші тұлғаларға қатысты міндеттемелер қабылдауға құқығы жоқ дербес және тәуелсіз заңды тұлғалар болып табылады. «ДТТЛ» компаниясы, сондай-ақ «ДТТЛ» әрбір қатысушы-фирмасы және әрбір үлестес тұлғасы бір-бірінің іс-әрекеттері мен олқылықтарына қатысты емес, тек өз іс-әрекеттері мен олқылықтарына қатысты жауапты. «ДТТЛ» компаниясы клиенттерге тікелей қызмет көрсетпейді. Толығырақ ақпаратты www.deloitte.com/about сайтынан білуге болады.

© 2023 «Делойт» ЖШС. Барлық құқықтар қорғалған.

Қаржылық есептілікті дайындау барысында басшылық Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, қызмет үздіксіздігіне байланысты деректерді тиісті жағдайларда ашып көрсетуге және қызмет үздіксіздігі жорамалы негізінде есептілікті дайындауға жауапты, алайда басшылық Компанияны таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниеттенген жағдайларды, немесе оның тарату немесе қызметін тоқтатудан басқа қандай да бір нақты баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда.

Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалар Компанияның қаржылық есептілігін дайындауын бақылауға жауапты.

**Қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі**

Біздің мақсатымыз ықылассыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаушылықтардың жоқтығына орынды сенімділік алу және біздің пікірімізді қосатын аудиторлық есеп шығару болып табылады. Орынды сенімділік – сенімділіктің жоғары дәрежесі болып табылады, бірақ ол ХАС сәйкес жүргізілген аудит барысында елеулі бұрмалаушылықтар бар болған жағдайда олардың әрдайым анықталуының кепілдігі болып табылмайды. Бұрмалаушылықтар ықылассыз әрекеттердің немесе қателесудің нәтижесінде туындауы мүмкін. Егер бұрмалаушылықтар пайдаланушылардың қаржылық есептілік негізінде қабылдайтын экономикалық шешімдеріне жекеше немесе бірлесіп әсер ете алса, елеулі бұрмалаушылықтар болып есептеледі.

ХАС сәйкес жүргізілетін аудит аясында біз кәсіби пайымдау қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби күмәншілдік сақтаймыз. Бұған қоса, біз келесілерді орындаймыз:

- ықылассыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіруге негіз болуы үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Ықылассыз әрекеттер салдарынан елеулі бұрмаланудың табылмау тәуекелі қателесу салдарынан болатын елеулі бұрмаланудың табылмау тәуекелінен жоғары, себебі ықылассыз әрекеттерге сөз байласу, жалғандық, әдейі қалдырып кету, ақпаратты бұрмалап ұсыну немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту арқылы әрекеттер жасау кіруі мүмкін;
- жағдайларға сәйкес аудиторлық рәсімдер әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін зерделейміз, бірақ Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі жайында пікір білдіру мақсатында емес;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің негізділігін және ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;

- басшылықтың қызмет үздіксіздігі жорамалын қолдануының заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде – Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыра алатынына елеулі күдік тудырта алатын оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздіктің бар немесе жоқ екендігі жайлы тұжырым жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар екені туралы тұжырымға келсек, біз аудиторлық есебімізде қаржылық есептіліктегі тиісті ақпарат ашуға назар аудартуымыз керек, немесе ақпарат тиісті түрде ашылмаған болса, пікірімізде ескертпе жасаймыз. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық есебіміздің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, келешек оқиғалар немесе жағдайлар Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылуына әкелуі мүмкін;
- қаржылық есептіліктің жалпы ұсынылуын, оның құрылымын және мазмұнын, соның ішінде ақпараттың ашылуын, сондай-ақ қаржылық есептілікте оның негізі болатын операциялар мен оқиғалардың шынайы көрсетілуінің қамтамасыз етілуін бағалаймыз.

Біз корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалармен ақпараттық әрекеттесуді жүзеге асырып, оларды аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері жөнінде, сондай-ақ аудит барысында анықталған елеулі ескертулер, соның ішінде біз аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы хабардар етеміз.

Роман Саттаров
Тапсырма бойынша серіктесі
Қазақстан Республикасының
білікті аудиторы
2013 жылғы 31 мамырдағы
№ МФ-0000149
біліктілік куәлігі

Жангир Жилысбаев
«Делойт» ЖШС
бас директоры

Қазақстан Республикасында
аудиторлық қызметпен айналысуға
№ 0000015, мемлекеттік лицензия,
сериясы МФЮ – 2,
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
2006 жылғы 13 қыркүйекте берген

2023 жылғы 25 сәуір
Алматы қаласы, Қазақстан

## «Freedom Finance Insurance» сақтандыру компаниясы» АҚ

### 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есеп

***(қазақстандық мың теңгеде)***

| | Ескерту-лер | 2022 жылғы 31 желтоқсан | 2021 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|
| **АКТИВТЕР:** | | | |
| Ақшалай қаражат пен оның баламалары | 5,26 | 378,8 | 129,0 |
| Банктердегі қаражат | 6,26 | 1,4 | - |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек | 12 | 1,2 | 110,4 |
| Ағымдағы салық активтері | | 83,8 | 56,1 |
| Кейінге қалдырылған аквизиттеу шығыстары | 13,26 | 900,8 | 2,8 |
| Аққұла сыйлықақылар резерві, қайта сақтандырушылар үлесі | 9 | 1,7 | 55,6 |
| Шығындар қоры, қайта сақтандырушылар үлесі | 10 | 521,7 | 66,5 |
| Қолда бар сатуға арналған қаржы активтері | 7,26 | 60,6 | 32,6 |
| Пайдалану құқығы нысанындағы активі | | 268,2 | 36,4 |
| Негізгі құралдар және материалдық емес активтер | 11 | 670,0 | 220,2 |
| Өзге де активтер | 14,26 | 976,4 | 350,8 |
| **АКТИВТЕР ЖИЫНЫ** | | **67,4** | **33,6** |
| **МІНДЕТТЕМЕЛЕР:** | | | |
| РЕПО келісімдері | 8 | 38,7 | 23,8 |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешек | 15,26 | 1,7 | 151,7 |
| Аққұла сыйлықақылар резерві | 9,26 | 8,0 | 2,5 |
| Шығындар резерві | 10 | 4,6 | 1,6 |
| Жалдау бойынша міндеттемелер | | 245,9 | 50,5 |
| Өзге де міндеттемелер | 16,26 | 280,9 | 177,1 |
| **МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ** | | **53,6** | **28,3** |
| **КАПИТАЛ:** | | | |
| Жарғылық капитал | 17 | 13,4 | 5,7 |
| Қосымша төленген капитал | 17 | 352,8 | - |
| Жер мен ғимараттарды қайта бағалау резерві | | 2,9 | - |
| Тұрақтандыру резерві | 17 | 11,9 | 18,9 |
| Қолда бар сатуға арналған қаржы активтерін қайта бағалау резерві | | 585,1 | 566,2 |
| Күтпеген тәуекелдер резерві | 17 | 1,0 | 126,8 |
| өтелмеген шығын | | (1,6 | (1,1 |
| **КАПИТАЛ ЖИЫНЫ** | | **13,7** | **5,2** |
| **МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ** | | **67,4** | **33,6** |

**Басқарма атынан:**

**Керімбаев А.Р.**
**Басқарма Төрағасы**

2023 жылғы 25 сәуір
Алматы қаласы, Қазақстан

**Хон И.Э.**
**Бас бухгалтер**

2023 жылғы 25 сәуір
Алматы қаласы, Қазақстан

11-70-беттердегі ескертулер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

# «Freedom Finance Insurance» сақтандыру компаниясы» АҚ

## 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші пайда немесе шығындар туралы есеп

***(қазақстандық мың теңгеде)***

| | Ескерту-лер | 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл | 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл |
|---|---|---|---|
| Сақтандыру сыйлықақылары | 18,26 | 9,788, | 5,228, |
| Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары | 18 | (362, | (204, |
| **ТАЗА САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫЛАРЫ** | **18** | **9,425,** | **5,023,** |
| Аққұла сыйлықақылар резервіндегі өзгеріс, нетто | 9,18 | (2,566, | (942, |
| Аққұла сыйлықақылар резервіндегі өзгеріс, қайта сақтандырушылар үлесі | 9,18 | (134, | (22, |
| **ЕҢБЕК СІҢІРІЛГЕН ТАЗА СЫЙЛЫҚАҚЫЛАР** | **18** | **6,725,** | **4,058,** |
| Төленген шығындар, жалпы сомасы | 18,26 | (5,208, | (2,918, |
| Төленген шығындар, қайта сақтандырушылар үлесі | 18 | 157, | 399, |
| Болған, бірақ мәлімденбеген шығындар резервіндегі өзгеріс | 18 | (1,261, | (392, |
| Болған, бірақ мәлімденбеген шығындар резервіндегі өзгеріс, қайта сақтандырушылар үлесі | 18 | 175, | (3, |
| Мәлімденген, бірақ реттелмеген шығындар резервіндегі өзгеріс | 18 | (460, | (360, |
| Мәлімденген, бірақ реттелмеген шығындар резервіндегі өзгеріс, қайта сақтандырушылар үлесі | 18 | (69, | 11, |
| Комиссиялық (шығыстар)/кірістер, нетто | 18,26 | (68, | 6, |
| **САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕСІ** | **18** | **(9,** | **800,** |
| Пайыздық кіріс | 19 | 4,003, | 3,379, |
| Пайыздық шығыс | 20 | (3,367, | (2,474, |
| Қолда бар сатуға арналған инвестициялардан таза іске асырылған пайда | 25 | 3,879, | 589, |
| Шетел валютасымен жасалған операциялар бойынша түскен таза пайда | 21 | 52, | 21, |
| Қаржы активтері және өзге де операциялар бойынша құнсыздануға арналған резерв қалыптастыру | 23 | (31, | (124, |
| Өзге де кіріс | 26 | 154, | 96, |
| **ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕСІ** | | **4,691,** | **1,488,** |
| **ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КІРІСТЕР** | | **4,681,** | **2,288,** |
| Еңбекақы және операциялық шығыстар | 22,26 | (4,297, | (3,178, |
| **ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСҚА ДЕЙІНГІ ПАЙДА/(ШЫҒЫН)** | | **383,** | **(889,** |
| Табыс салығы бойынша шығыс | 24 | (1, | (6, |
| **ТАЗА ПАЙДА/(ШЫҒЫН)** | | **382,** | **(896,** |

**Компания Басқармасы атынан:**

**Керімбаев А.Р.**
**Басқарма Төрағасы**

2023 жылғы 25 сәуір
Алматы қ., Қазақстан

**Хон И.Э.**
**Бас бухгалтер**

2023 жылғы 25 сәуір
Алматы қ., Қазақстан

11-70-беттердегі ескертулер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

# «Freedom Finance Insurance» сақтандыру компаниясы» АҚ

## 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші өзге жиынтық кіріс туралы есеп
***(қазақстандық мың теңгеде)***

| | Ескерту-лер | 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл | 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл |
|---|---|---|---|
| **ТАЗА ПАЙДА/(ШЫҒЫН)** | | **382,3** | **(896,5** |
| ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС: | | | |
| *Кейіннен пайда немесе шығындар құрамына қайта жіктеле алмайтын баптар:* | | | |
| Жер мен ғимараттарды қайта бағалау резерві | | 3,0 | - |
| *Кейіннен пайда немесе шығындар құрамына қайта жіктелуі мүмкін баптар:* | | | |
| Нөл теңге сомасында табыс салығын шегергендегі жыл ішінде қолда бар сатуға арналған қаржы активтерін қайта бағалаудан түскен таза пайда | | 3,8 | 949,[illegible] |
| Нөл теңге сомасында табыс салығын шегергендегі жыл ішінде өткізілген қолда бар сатуға арналған қаржы активтері бойынша қайта жіктеу | | (3,8 | (589,5 |
| **ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС** | | **21,9** | **359,0** |
| **ЖИЫНТЫҚ КІРІС/(ШЫҒЫН) ЖИЫНЫ** | | **404,2** | **(536,9** |

**Компания Басқармасы атынан:**

| | |
|---|---|
| **Керімбаев А.Р.** | **Хон И.Э.** |
| **Басқарма Төрағасы** | **Бас бухгалтер** |
| 2023 жылғы 25 сәуір | 2023 жылғы 25 сәуір |
| Алматы қ., Қазақстан | Алматы қ., Қазақстан |

11-70-беттердегі ескертулер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

## 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші капиталдағы өзгерістер туралы есеп

***(қазақстандық мың теңгеде)***

| | Ескерту | Жарғылық капитал | Қосымша төленген капитал | Тұрақтандыру резерві | Қолда бар сатуға арналған қаржы активтерін қайта бағалау резерві | Күтпеген тәуекелдер резерві | Жер мен ғимараттарды қайта бағалау резерві | Өтелмеген шығын | Капитал жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **2020 жылғы 31 желтоқсанда** | | **5,08** | **-** | **30,1** | **206,6** | **-** | **-** | **(164,4** | **5,16** |
| Табыс салығын шегергенде жыл ішіндегі өзге жиынтық кіріс | | - | - | - | 359,6 | - | - | - | 359,6 |
| Таза шығын | | - | - | - | - | - | - | (896,5 | (896,5 |
| **Жиынтық кіріс жиыны** | | **-** | **-** | **-** | **359,6** | **-** | **-** | **(896,5** | **(536,9** |
| Жай акцияларды шығару | | 644,0 | - | - | - | - | - | - | 644,0 |
| Тұрақтандыру резерві | | - | - | (11,2 | - | - | - | 11,2 | - |
| Күтпеген тәуекелдер резерві | | - | - | - | - | 126,8 | - | (126,8 | - |
| **2021 жылғы 31 желтоқсанда** | | **5,73** | **-** | **18,9** | **566,2** | **126,8** | **-** | **(1,17** | **5,26** |
| Табыс салығын шегергенде жыл ішіндегі өзге жиынтық кіріс | | - | - | - | 18,8 | - | 3,0 | - | 21,9 |
| Таза пайда | | - | - | - | - | - | - | 382,3 | 382,3 |
| **Жиынтық кіріс жиыны** | | **-** | **-** | **-** | **18,8** | **-** | **3,0** | **382,3** | **404,2** |
| «Лондон-Алматы» сақтандыру компаниясы» АҚ таза активтеріне айырбастау ретінде, жай акциялар шығару | 17 | 7,32 | 352,8 | - | - | - | - | - | 7,68 |
| Жай акцияларды шығару | | 400,0 | - | - | - | - | - | - | 400,0 |
| Тұрақтандыру резерві | | - | - | (7,0 | - | - | - | 7,0 | - |
| Күтпеген тәуекелдер резерві | 17 | - | - | - | - | 909,5 | - | (909,5 | - |
| Жер мен ғимараттарды қайта бағалау резервін есептен шығару | | - | - | - | - | - | (118) | 118 | - |
| **2022 жылғы 31 желтоқсанда** | | **13,45** | **352,8** | **11,9** | **585,1** | **1,03** | **2,9** | **(1,69** | **13,75** |

**Басқарма атынан:**

**Керімбаев А.Р.**
**Басқарма Төрағасы**

2023 жылғы 25 сәуір
Алматы қаласы, Қазақстан

**Хон И.Э.**
**Бас бухгалтер**

2023 жылғы 25 сәуір
Алматы қаласы, Қазақстан

11-70-беттердегі ескертулер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

# «Freedom Finance Insurance» сақтандыру компаниясы» АҚ

## 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есеп
***(қазақстандық мың теңгеде)***

| | Ескерту-лер | 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл | 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл |
|---|---|---|---|
| **ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:** | | | |
| Табыс салығы бойынша шығысқа дейінгі пайда/(шығын) | | 383,9 | (889,7 |
| Ақшалай емес баптарды түзету: | | | |
| Аққұла сыйлықақылар резервіндегі өзгеріс | 9,18 | 2,7 | 965,3 |
| Шығындар резервіндегі өзгеріс | 10 | 1,6 | 745,8 |
| Қаржы активтері және өзге де операциялар бойынша құнсыздану резервін қалыптастыру | 23 | 31,7 | 124,5 |
| Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациясы | 11,22 | 164,8 | 186,2 |
| Пайдалану нысанындағы активтің амортизациясы | 22 | 50,4 | 9,2 |
| Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді есептен шығару | 11 | 645 | - |
| Жалдау міндеттемелері бойынша пайыздық шығыстар | 20 | 24,1 | 4,6 |
| Шетел валютасымен операциялар бойынша іске асырылмаған пайда | 21 | (53,7 | (22,3 |
| Құнсызданудан болған шығын | | 7,7 | - |
| Сыйлықақылар мен дисконт өзгерісі | | 4,1 | (379,2 |
| Есептеудегі өзгеріс, нетто | | (1,33 | (811,2 |
| **Операциялық активтер мен міндеттемелер өзгерісіне дейінгі операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражат түсімі/(жылыстауы)** | | **7,7** | **(66,6** |
| Операциялық активтер мен міндеттемелер өзгерісі | | | |
| Операциялық активтердің (ұлғаюы)/азаюы: | | | |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек | | 23,2 | (87,6 |
| Кейінге қалдырылған аквизиттеу шығыстары | | (583,3 | 373 |
| Өзге де активтер | | 245,1 | 23,6 |
| Операциялық міндеттемелердің ұлғаюы/(азаюы): | | | |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешек | | 439,0 | (27,3 |
| Өзге де міндеттемелер | | 38,2 | 46,6 |
| Табыс салығын төлеуге дейінгі операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражат түсімі/(жылыстауы) | | 7,9 | (110,9 |
| Төленген табыс салығы | | (551) | - |
| **Операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза түсімі/(жылыстауы)** | | **7,9** | **(110,9** |

## 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есеп (жалғасы)

***(қазақстандық мың теңгеде)***

| | Ескерту-лер | 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл | 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл |
|---|---|---|---|
| **ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:** | | | |
| «Лондон-Алматы» сақтандыру компаниясы» АҚ қосылуынан ақшалай қаражаттың таза түсімі | 17 | 515, | - |
| Банктердегі қаражатты шешіп алудан түсімдер | | - | 10,000 |
| Қолда бар сатуға арналған қаржы активтерін сатып алу | | (65,147,394) | (44,080,326) |
| Қолда бар сатуға арналған қаржы активтерін сатудан түсімдер | | 53,866,774 | 29,527,795 |
| Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді және тиісті авансдарды сатып алу | 11 | (252,283) | (31,361) |
| Негізгі құралдарды сатудан түскен түсімдер | | 11,204 | 861 |
| **Инвестициялық қызметтен ақшалай қаражаттың таза жылыстауы** | | **(11,006,512)** | **(14,573,031)** |
| **ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТІНЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:** | | | |
| РЕПО келісімдері | | 3,085,041 | 13,873,446 |
| Жай акцияларды шығару | | 400,000 | 644,000 |
| Жалдау міндеттемелері бойынша төлемдер | | (110,897) | (10,386) |
| **Қаржы қызметінен ақшалай қаражаттың таза түсімі** | | **3,374,144** | **14,507,060** |
| АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ПЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫНЫҢ ТАЗА ҰЛҒАЮЫ/(АЗАЮЫ) | | 278,125 | (176,883) |
| **АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ПЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, жыл басында** | 5 | **129,004** | **309,746** |
| Шетел валютасындағы ақшалай қаражат қалдықтары бойынша бағамдық айырма әсері | | (28,284) | (3,859) |
| **АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ПЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, жыл аяғында** | 5 | **378,845** | **129,004** |

2022 және 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде Компания алған пайыздар сомасы тиісінше 2,122,883 мың теңге және 2,311,965 мың теңгені құрады.

2022 және 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде Компания төлеген пайыздар сомасы тиісінше 3,303,989 мың теңге және 2,465,894 мың теңгені құрады.

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Компания «Лондон-Алматы» сақтандыру компаниясы» АҚ-ның 7,165,337 мың теңге сомаға таза активтерін алды және 7,327,672 мың теңгеге жай акциялар шығарды. Бұл ақшалай емес қозғалыстар ақшалай қаражаттың қозғалысы есептен шығарылып, 17 ескертуде көрсетілген.

**Компания Басқармасы атынан:**

**Керімбаев А.Р.**
**Басқарма Төрағасы**

2023 жылғы 25 сәуір
Алматы қаласы, Қазақстан

**Хон И.Э.**
**Бас бухгалтер**

2023 жылғы 25 сәуір
Алматы қаласы, Қазақстан

11-70-берредегі ескертулер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

## 1. Ұйым

«Freedom Finance Insurance» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Компания») 2009 жылғы 9 маусымда құрылған. Компания Қазақстан Республикасында тіркелген.

Компания жалпы сақтандыру саласында сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру туралы ҚР Ұлттық Банкімен (бұдан әрі – «ҚРҰБ») берілген № 2.1.50 лицензиясын алғашқы рет 2009 жылғы 23 қазанда алды. Компанияның «Trust Insurance» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы атауын «Freedom Finance Insurance» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы атауына өзгертуге байланысты, 2018 жылғы 29 қазанда Компания мемлекеттік қайта тіркеу ресімі жүргізілді және 2018 жылғы 14 қарашада №2.2.51 лицензиясы қайта ресімделді. 2022 жылғы 24 қарашада лицензия жаңартылды.

Компания мүлікті сақтандыру, жазатайым оқиғалардан сақтандыру, азаматтық жауапкершілікті сақтандыру, жеке сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша алуан түрлі сақтандыру өнімдерін ұсынады.

Компанияның тіркелген кеңсесі Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі,115 үй мекенжайы бойынша орналасқан.

**Акционерлер және Компания активтерін бақылау**

2022 жылғы мамырда Компания акцияларының 100% «Фридом Финанс» АҚ-ға сатылған.

2022 жылғы 27 тамызда Компания Акционері «Лондон-Алматы» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының дауыс беруші акцияларының 100% сатып алды және «Freedom Finance Insurance» сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамымен қосылу ресімі іске қосылған. 2022 жылғы 15 желтоқсанда Компания табыстау актісі негізінде «Лондон-Алматы» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының барлық мүлкінің, құқықтары мен міндеттемелерінің толық құқықтық мирасқоры болды.

Компания акцияларының тізілімін «Бағалы қағаздардың орталық тіркеушісі» АҚ тәуелсіз тіркеушісі жүргізеді.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шығарылған акциялардың 100% иеленген Компанияның жалғыз акционері «Фридом Финанс» АҚ (Бас компания) болып табылған. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жалғыз акционері Т.Р. Турлов мырза болып табылған.

Компания Т.Р. Турлов мырзаның бақылуында, ол соңғы бақылаушы тұлға болып табылады және Компанияң қызметін өз қалауы бойынша бақылауға құқылы.

Осы қаржылық есептілікті Компания Басқармасы 2023 жылғы 25 сәуірде бекітті.

## 2. Есеп саясатының негізгі қағидаттары

**Сәйкестік туралы мәлімдеме**

Осы қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі - «ХҚЕС») сәйкес дайындалған.

Аталған қаржылық есептілік келешекте Компания өз қызметін жалғастырады деген жорамал негізінде дайындалған.

Басшылық және жалғыз акционер Қазақстан Республикасындағы корпоративтік және бөлшек сегменттерінде Компания бизнесін дамытуды жалғастыруға ниеттелген. Басшылықтың пікірі бойынша, үздіксіз қызмет туралы жорамалды Компанияға қатысты қолдануға болады, себебі акционер тарапынан компанияның қызметіне тұрақты қолдау көрсетілуде.

Аталған қаржылық есептілік, егер өзгесі көрсетілмесе, қазақстандық мың теңгеде («мың теңге») ұсынылған.

Осы қаржылық есептілік, әрі қарай түсіндірілетіндей, әрбір есепті күнге қайта бағалау немесе әділ құны бойынша есепке алынатын кейбір қаржы құралдарын алмағанда, тарихи құны бойынша есепке алу қағидаттарына сәйкес дайындалған.

Әдетте тарихи құн тауарлар мен қызметтердің орнына берілген сыйақының әділ құны негізінде анықталады.

Әділ құны, активті сату барысында немесе бағалау күні нарық қатысушыларының арасындағы жай мәміле шеңберінде міндеттемені тапсыру кезінде төленген бағасын көрсетеді, аталған баға тікелей бақыланатын немесе бағалаудың басқа әдісін қолдану арқылы есептеу жолымен алынуынан тәуелсіз. Активтің немесе міндеттеменің әділ құнын бағалау кезінде егер нарық қатысушылары аталған сипаттамасын активтің немесе міндеттеменің бағасын қалыптастыру барысында бағалау датасына қарасты ескерген болса, Компания активтің немесе міндеттеменің сипаттамасын ескереді,. Әділ құны бойынша бағалау жүргізу және/немесе әділ құнын бағалауға қатысты ақпаратты ашу үшін, осы қаржылық есептілікте әділ құны жоғарыда көрсетілген әдіспен анықталады.

Одан басқа, қаржылық есептілікті дайындау мақсаттары үшін әділ құнын бағалау әділ құн иерархиясы негізінде (1, 2 немесе 3-деңгей) нарықтық деректер негізінде әділ құнын тікелей анықтау мүмкіндігіне сәйкес жіктеледі және жалпы алғанда әділ құнын бағалау кезінде пайдаланылған бастапқы деректердің маңыздылығын көрсетеді:

- 1-деңгейдегі бастапқы деректер бағалау күніне Компанияның қол жеткізе алатын бірдей активтердің немесе міндеттемелердің белсенді нарықтардағы түзетулерді қажет етпейтін баға белгілеулерін білдіреді;
- 2-деңгейдегі бастапқы деректер 1-деңгей үшін белгіленген баға белгілеулер емес, бірақ актив немесе міндеттеме үшін нарықта тікелей немесе жанама түрде байқалатындар; және
- 3-деңгейдің бастапқы деректері актив немесе міндеттеме бойынша бақыланбайтын бастапқы деректерді білдіреді.

Компания қаржылық жағдай туралы есеп баптарын өтімділік тәртібінде жалпы ұсынады. Қаржылық жағдай туралы есеп күнінен кейін 12 ай ішінде (қысқа мерзімді) және қаржылық жағдай туралы есеп күнінен кейін 12 айдан астам уақыт ішінде (ұзақ мерзімді) орнын толтыру немесе өтеу жөніндегі деректердің бөлінуі 28-ескертуде берілген.

**Функционалдық валюта**

Компанияның қаржылық есептілігіне енгізілген баптар, Компания қызметін атқаратын бастапқы экономикалық орта валютасында өлшенеді (бұдан әрі «функционалдық валюта»). Компанияның функционалдық валютасы қазақстандық теңге (бұдан әрі «теңге») болып табылады. Компанияның осы қаржылық есептілігін ұсыну валютасы қазақстандық теңге болып табылады. Барлық мәндер, егер өзгесі көрсетілмесе, бүтін мың теңгеге дейін дөңгелектенген.

**Өзара есепке алу**

Қаржы активтері және қаржы міндеттемелері өзара есепке алынады және қаржылық жағдай туралы есепте Компанияның баланста танылған сомаларды есепке алуды жүзеге асыруға заңды түрде бекітілген құқығы болған жағдайда не сальдо сомасы бойынша есепке жатқызуды жүргізуге не активті сатуға және сонымен бірге міндеттемені орындауға ниетті болғанда ғана сальдо сомасы көрсетіледі. Кірістер мен шығыстар пайда мен шығындар туралы есепте өзара есепке алынбайды, тек бухгалтерлік есеп стандартында немесе тиісті түсіндірмеде талап етілетін немесе рұқсат етілетін жағдайларды қоспағанда, бұл ретте мұндай жағдайлар Компанияның есеп саясатында бөлек көрсетіледі.

Есеп саясатының негізгі қағидалары төменде берілген.

**Кірістерді тану**

*Сақтандыру қызметінің кірістері мен шығыстары*

Сақтандыру қызметінен түсетін кіріске аққұла сыйлықақылар бойынша резервтердегі таза өзгерісті, төленген талаптар мен шығындар резервтерін және сақтандыру полисін сатып алу құнын шегергендегі таза сақтандыру бойынша таза сыйлықақылар мен қайта сақтандырушыларға берілген сыйлықақылардан ұсталған комиссиялар кіреді.

Таза сақтандыру сыйлықақылары қайта сақтандырушыларға берілген сыйлықақыларды шегергендегі брутто сыйлықақыларды білдіреді. Келісімшарт жасасу кезінде сыйлықақылар полисте көрсетілген сомада ескеріледі және сақтандыру шартын қолдану кезеңі ішінде кірістерге пропорционал негізде жатқызылады. Аққұла  сыйлықақылар бойынша резерв сақтандыру шартының аяқталмаған мерзіміне жататын сыйлықақылардың бөлігін білдіреді және қаржылық жағдай туралы есепте міндеттемелерге енгізіледі.

Төленген шығындар және шығындар резервінің өзгерісі шығындар резервін қайта бағалау кезінде туындауына қарай пайда немесе шығындар туралы есепте есепке алынады.

Қайта сақтандырушылармен жасалған келісімшарттар бойынша алынған комиссиялар, қайта сақтандыру шартына қол қойылған және күшіне енген сәтінен бастап пайда ретінде ескеріледі.

Сақтандыру агенттеріне және брокерлерге төленген комиссиялардан тұратын, құбылмалы және жаңа бизнестің пайда болуына тікелей байланысты аквизициялық шығыстар кейінге қалдырылған болып табылады және қоса берілген қаржылық жағдай туралы есепте көрсетіледі және тиісті сыйлықақылар еңбекпен табылған  кезең ішінде амортизацияланады.

*Пайыздық кірістер мен шығыстарды тану*

Қаржы активтері бойынша пайыздық кірістер, егер Компанияның экономикалық пайда табу ықтималы жоғары болса және кірістердің мөлшерін сенімді түрде анықтауға болатын жағдайда танылады. Пайыздық кірістер мен шығыстар есептеу қағидаты бойынша көрсетіледі және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісімен есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі – бұл қаржы активінің немесе қаржы міндеттемесінің (немесе қаржы активтері тобының/қаржылық міндеттемелер тобының) амортизацияланған құнын есептеуден, сондай-ақ, пайыздық кірісті немесе пайыздық шығысты тиісті кезеңге жатқызудан тұратын әдіс.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл борыштық құрал өтелгенге дейін күтілетін мерзімге немесе (егер қолданылса) борыштық құралды есепке алу кезінде таза баланстық құнына дейін қысқарақ мерзімге күтілетін болашақ ақшалай түсімдерді (тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын борыштық құрал бойынша алынған немесе жүргізілген барлық төлемдерді, мәмілені ресімдеу шығындарын және өзге де сыйлықақыларды немесе дисконттарды қоса алғанда) дисконттау мөлшерлемесі.

Егер құнсыздануына байланысты, қаржы активі немесе бір текті қаржы активтерінің тобы есептен шығарылған (ішінара есептен шығарылған) болса, пайыздық кіріс құнсыздану шығындарын есептеу мақсатында болашақ ақшалай ағымдарды дисконттау үшін пайдаланатын пайыздық мөлшерлеме ескеріліп анықталады.

Әділ құны бойынша бағаланатын активтерден алынған пайыздар пайыздық кірістер ретінде жіктеледі.

*РЕПО шарттары және РЕПО кері сатып алу бойынша кірістерді тану.*

Жоғарыда көрсетілген құралдарды сатудан түскен пайда/шығын тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, ағымдағы сәтте есептелген кері сатып алу бағасы мен осындай құралдарды үшінші тұлғаларға сату бағасы арасындағы айырма негізінде пайда мен шығындар туралы есепте пайыздық кірістер немесе шығыстар ретінде танылады. Кері РЕПО/РЕПО операциясы бастапқы талаптармен орындалғанда бастапқы шарт шеңберінде келісілген сату бағасы мен кері сатып алу арасындағы айырма түріндегі тиімді кірістілік/пайыз тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолданып танылады.

*Комиссиялық кірістерді, брокер және агент комиссияларын тану*

Комиссиялық кірістер, брокер және агент комиссиялары сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары әрекет етіп бастаған сәтте танылады және сақтандыру полистері әрекет ету мерзімі ішінде пропорционал түрде кірістер мен шығыстарға жатқызылады.

*Дивидендтік кірістерді тану*

Инвестициялардан түскен дивидендтік кірістер акционердің дивиденд алу құқы расталған сәтте танылады (егер, Компанияның экономикалық пайда алу ықтималы жоғары болса және кірістер мөлшері анық айқындала алатын болса).

**Кейінге қалдырылған аквизициялық шығыстар**

Компанияның жазатайым оқиғалардан сақтандыру және медициналық сақтандыру шарттарын жасасу кезінде шеккен, кейіннен шарттың қолданылу мерзімі ішінде амортизацияланатын капиталдандырылған комиссиясы кейінге қалдырылған аквизициялық шығыстар ретінде танылады. Сақтандырудың басқа түрлерінің аквизициялық шығыстары олардың туындауына қарай танылады және комиссиялық шығыстардың құрамына енгізіледі.

**Қаржы құралдары**

Қаржы активтері және қаржы міндеттемелері Компания тиісті қаржы құралына қатысты шарт тарабы болған кезде Компанияның қаржылық жағдайы туралы есепте көрсетіледі. Компания есеп айырысу күні бойынша тұрақты сипаттағы қаржы активтерін және қаржы міндеттемелерін сатып алу және сатуды көрсетеді. Сатып алу және сату бойынша стандартты мәмілелер нормативтік актілерде немесе нарықтық тәжірибеде белгіленген мерзім ішінде активтерді жеткізуді талап ететін қаржы активтерін сатып алу немесе сатуды білдіреді.

Қаржы активтері және қаржы міндеттемелері алғашқыда әділ құны бойынша бағаланады. Қаржы активтері және қаржы міндеттемелерін сатып алу немесе шығаруға тікелей байланысты транзакциялық шығындар (пайда немесе шығындар арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері және қаржы міндеттемелерін қоспағанда) бастапқы тану кезінде қаржы активтерінің немесе қаржы міндеттемелерінің әділ құнын тиісінше ұлғайтады немесе кемітеді. Пайда немесе шығындар арқылы әділ құны бойынша көрсетілген қаржы активтері және қаржы міндеттемелерін сатып алуға тікелей қатысты транзакциялық шығындар тікелей пайдаға немесе шығынға жатқызылады.

**Қаржы активтері**

Қаржы активтері келесі санаттарға жіктеледі: өтеуге дейін ұсталатын (бұдан әрі ӨДҰ); қолда бар сатуға арналған (бұдан әрі «ҚБСА»); пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (бұдан әрі «ПШАӘҚ»); сондай-ақ дебиторлық берешек. Қаржы активтерін қандай да бір санатқа жатқызу олардың ерекшеліктеріне және сатып алу мақсаттарына байланысты және бастапқы тану кезінде айқындалады.

**ПШАӘҚ бойынша бағаланатын қаржы активтері**

Қаржы активі, егер ол: (i) ХҚЕС 3 қолданылатын бизнесті біріктіру барысында сатып алушы төлеуі мүмкін шартты өтем болып табылса, немесе (ii) саудаға арналған болса, немесе (iii) бастапқы тану кезінде ПШАӘҚ санатына жатқызылған болса, ПШАӘҚ ретінде жіктеледі.

Қаржы активі төмендегі жағдайларда сатуға арналған деп жіктеледі:

- жақын болашақта оны қайта сату мақсатымен сатып алынған жағдайда;
- бастапқы есепке алу кезінде Компания қысқа мерзімді сатып алу мен қайта сатудың соңғы тарихы бар бірыңғай портфель ретінде басқаратын қаржы құралдары портфелінің бөлігі болып табылған жағдайда; немесе
- жіктелмеген және хеджирлеу құралы ретінде пайдаланылмайтын туынды құрал болып табылған жағдайда.

«Саудаға арналған» немесе бизнесті біріктіру барысында сатып алушы төлеуі мүмкін шартты өтем болып табылмайтын қаржы активі төмендегі жағдайларда бастапқы тану кезінде ПШАӘҚ ретінде белгіленуі мүмкін:

- мұндай жіктеуді қолдану басқа жағдайда туындауы мүмкін активтерді немесе міндеттемелерді бағалаудағы немесе есепке алудағы теңгерімсіздікті жояды немесе елеулі азайтады; немесе
- қаржы активі Компанияның құжатталған тәуекелдерді басқару стратегиясына немесе инвестициялық стратегиясына сәйкес әділ құны негізінде басқарылатын және бағаланатын қаржы активтері, қаржылық міндеттемелер тобының немесе қаржы активтері мен міндеттемелер тобының бөлігі болып табылады және осындай қаржы активтерінің тобы туралы ақпарат осы негізде ұйым ішінде ұсынылады; немесе
- қаржы міндеттемесі бір немесе бірнеше кіріктірілген деривативті қамтитын құрал бөлігі болып табылады және ХҚЕС (IAS) 39 «Қаржы құралдары: тану және бағалау» бойынша құралды оның өзгерісін пайда немесе шығындар туралы есепте тани отырып, әділ құны бойынша ретінде жалпы (актив немесе міндеттеме) жіктеуге рұқсат береді.

ПШАӘҚ қаржы активтері қайта бағалауы пайда немесе шығындарда көрсету арқылы әділ құны бойынша көрсетіледі. Таза пайда немесе шығындар дивидендтерді және қаржы активі бойынша алынған пайыздарды қамтиды және пайда немесе шығындар және өзге жиынтық кіріс туралы есептің Тиісінше «өзге пайда мен шығындар» және «пайыздық кірістер» бабы бойынша көрсетіледі.

**Қолда бар сатуға арналған қаржы активтері**

ҚБСА санатындағы қаржы активтері қолда бар сатуға арналған деп анықталған немесе (а) дебиторлық берешек ретінде, (б) өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар, (в) пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері ретінде жіктелмеген туынды емес қаржы активтерін білдіреді.

Ұйымдастырылған нарықтардағы айналымдағы акциялар мен мерзімді облигациялар «қолда бар сатуға арналған» ретінде жіктеледі және әділ құны бойынша көрсетіледі. Компанияда сондай-ақ ұйымдастырылған нарықта айналыста жоқ акцияларға салымдары бар, олар да ҚБСА санатындағы қаржы активтері ретінде жіктеледі және әділ құны бойынша есепке алынады (себебі, Компания басшылығының пікірі бойынша, әділ құнын сенімді бағалау мүмкін). Әділ құн 7-ескертуде берілген тәртіпте анықталады. Әділ құнының өзгеруі нәтижесінде туындаған кірістер мен шығыстар инвестицияларды қайта бағалау қоры құрамында өзге жиынтық кірісте танылады, тек тұрақты сипаты бар құнсыздану жағдайларын, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісімен есептелген пайыздық кірісті, дивидендтік кірісті және бағамдық айырмаларды қоспағанда, олар пайда немесе шығындарда танылады. Қаржы активі есептен шығарылған немесе құнсызданған кезде бұрын инвестицияларды қайта бағалау қорында танылған жинақталған кірістер немесе шығыстар есептен шығару немесе құнсыздану кезеңіндегі қаржылық нәтижелерге жатқызылады.

ҚБСА санатындағы шетел валютасындағы қаржы активтерінің әділ құны сол валютада анықталады және есеп беру күніндегі айырбастау бағамы бойынша қайта есептеледі. Пайда немесе шығындарға жатқызылатын бағам айырмалары ақша активінің амортизацияланған құнына қарай анықталады. Өзге бағамдық айырмалар өзге жиынтық кірісте танылады.

Белсенді нарықта баға белгіленімі жоқ және оның әділ құнын сенімді бағалау мүмкін емес ҚБСА санатындағы үлестік бағалы қағаздарға салымдар әрбір есепті кезеңінің аяғында анықталған құнсыздану шығындары шегеріліп, өзіндік құны бойынша көрсетіледі.

**Дебиторлық берешек**

Ұйымдастырылған нарықта айналыста жоқ тіркелген және анықталатын төлемдері көрсетілген дебиторлық берешек (соның ішінде банктегі қаражатты, сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешекті және өзге қаржы активтерін қосқанда) «дебиторлық берешек» ретінде жіктеледі. Дебиторлық берешек құнсыздануды шегергенде тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, амортизацияланған құны бойынша есепке алынады. Пайыздық кірісі шамалы қысқа мерзімді дебиторлық берешекті қоспағанда, пайыздық кіріс тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдану арқылы танылады.

**РЕПО келісімдері және бағалы қағаздар бойынша РЕПО кері сатып алу**

Компания өз қызметі барысында сату және кері сатып алу келісімдерін (бұдан әрі - «Репо келісімдері»), сондай-ақ, қаржы активтерін сатып алу және кері сату туралы келісімдер (бұдан әрі - «РЕПО кері сатып алу келісімдері») жасасады. Компания РЕПО және кері РЕПО операцияларын өтімділікті басқару құралының бірі ретінде қолданады. РЕПО мәмілелері – бұл қаржы активін басқа тарапқа ақшалай немесе өзге сыйақыға айырбастау ретінде беру және сонымен бірге келешекте қаржы активтерін алынған ақшалай немесе өзге сыйақыға баламалы сомаға, оған жинақталған пайызды қоса отырып, кері сатып алу бойынша міндеттеме туралы келісімдер. РЕПО шарттары бойынша операциялар есепте қаржыландыру операциялары ретінде көрсетіледі. РЕПО шарттары бойынша сатылған қаржы активтерін қаржылық есептілікте көрсету жалғастырылады.

РЕПО кері сатып алу шарттары бойынша сатып алынған активтер қаржылық есептілікте бағалы қағаздар немесе өзге активтердің кепілімен қамтамасыз етілген депозитте орналастырылған қаражат ретінде көрсетіліп, ақшалай қаражат пен оның баламалары ретінде жіктеледі.

Компания бағалы қағаздар бойынша РЕПО шарттарын және бағалы қағаздар бойынша қарыз мәмілелерін жасасады, олар бойынша әдеттегі нарықтық тәжірибеге сәйкес қамтамасыз етуді алады немесе береді. Қазақстан Республикасында кері сатып алу операцияларының стандартты талаптарына сәйкес, қамтамасыз етуді алушы  мәміле бойынша есеп айырысу кезінде баламалы бағалы қағаздарды қайтару талабымен қамтамасыз етуді сатуға немесе оны қайта кепілдікке қоюға құқылы.

Контрагенттерге бағалы қағаздарды тапсыру меншік құқығымен байланысты тәуекелдер мен пайдалар да берілген жағдайда ғана қаржылық жағдай туралы есепте көрсетіледі.

**Қаржы активтерінің құнсыздануы**

Қаржы активтері әр есепті кезең аяғында құнсыздану мәніне бағаланады. Қаржы активтері олар есепке алынғаннан кейін туындаған бір немесе бірнеше оқиға нәтижесінде актив бойынша келешекте болжанған ақшалай ағымның азаюы туралы объективті деректер бар болғанда құнсызданған деп саналады.

Ұйымдастырылған нарықта айналыстағы немесе айналыста жоқ ҚБСА санатындағы үлестік инвестицияларға салымдар бойынша әділ құнның оны сатып алу құнынан елеулі немесе ұзақ мерзімді төмендеуі құнсызданудың объективті куәсі болып саналады.

Барлық өзге қаржы активтері бойынша құнсызданудың объективті куәсі төмендегілер болуы мүмкін:

- Эмитенттің немесе контрагенттің елеулі қаржылық қиыншылықтары, немесе
- Шарттың бұзылуы, мысалы, пайыздарды немесе борыштың негізгі сомасын төлеуден бас тарту немесе жалтару; немесе
- пайыздарды немесе борыштың негізгі сомасын төлемеу немесе төлеу мерзімін өткізу; немесе
- Қарыз алушының банкротқа ұшырау немесе қаржылық қайта құру ықтималы, немесе
- Қаржы қиыншылықтары салдарынан аталған қаржы актив бойынша белсенді нарықтың жойылуы.

Қаржы активтерінің дебиторлық берешек сияқты жеке санаттары бойынша жекелей құнсызданған болып танылмаған активтер де құнсыздану мәні бойынша жалпы портфель бойынша бағаланады. Қарыздар және дебиторлық берешек портфелі құны төмендеуінің объективті белгісі ретінде, Компанияның берешекті өндіріп алуға қатысты бұрынғы тәжірибесі, портфель бойынша берешекті өтеу кезіндегі кідірулер санының ұлғаюы болуы мүмкін, сонымен қатар, ұлттық және жергілікті экономикадағы, төлемдер бойынша дефолт көрсететін, маңызды өзгерістері.

Амортизацияланатын құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері үшін құнсыздану шығынының мөлшері активтің баланстық құны мен қаржы активі бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемесін пайдалану арқылы дисконтталған болжамды келешек ақшалай ағындардың ағымдағы құны арасындағы айырмашылық ретінде есептеледі.

Сатып алу құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері үшін, құнсыздану шығыны активтің баланстық құны мен ұқсас қаржы активі бойынша ағымдағы нарықтық пайыздық мөлшерлемесін пайдалану арқылы дисконтталған болжанған келешек ақшалай ағындардың ағымдағы құны арасындағы айырмашылық ретінде есептеледі. Құнсызданудың бұндай түрлері болашақ кезеңдерде  қалпына келтірілмейді.

Құнсызданудан шығын барлық қаржы активтерінің баланстық құнын тікелей азайтады, тек қарыздар мен дебиторлық берешекті қоспағанда, олардың құнының төмендеуі резерв қалыптастыру есебінен жүзеге асырылады. Қарыздар мен дебиторлық берешек үмітсіз деп танылған жағдайда да резерв есебінен есептен шығарылады. Бұрын есептен шығарылған сомалардың кейіннен алынған өтемдері резерв шотын кредиттейді. Резервтің өзгерістері пайда немесе шығындарда көрсетіледі.

Егер, ҚБСА санатындағы қаржы активі құнсызданған болып танылса, онда өзге жиынтық кірісте жинақталған кірістер немесе шығыстар пайда немесе шығындар құрамына ауыстырылады.

Егер кейінгі кезеңде амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің құнсыздануы салдарынан туындаған шығынның мөлшері азаятын болса және мұндай азаю құнсыздану танылғаннан кейін орын алған оқиғаға объективті түрде байланысты болуы мүмкін жағдайда бұрын көрсетілген құнсызданудан болған шығын пайда немесе шығындар есебінен қалпына келтіріледі. Бұл ретте құнсызданудан болған шығын қалпына келтіру күнгі қаржы активтерінің баланстық құны, құнсыздану танылмаған жағдайда көрсетілетін амортизацияланған құннан аспауға тиіс.

Бұрын пайда немесе шығындарда көрсетілген ҚБСА санатындағы үлестік бағалы қағаздарының құнсыздануынан болған шығындар қалпына келтірілмейді. Құнсызданудан болған шығынды танудан кейін бұндай активтердің әділ құнының кез келген ұлғаюы өзге жиынтық кірісте тікелей көрсетіледі және инвестицияларды қайта бағалау резервінің бабы бойынша жинақталады.

ҚБСА санатындағы борыштық бағалы қағаздарына қатысты құнсыздану шығындары кейіннен, егер қаржылық салымдардың әділ құнының ұлғаюы құнсызданудан болған шығын танылғаннан кейін болған оқиғаға байланысты болса, пайда немесе шығындар арқылы қалпына келтіріледі.

**Дебиторлық берешекті есептен шығару**

Дебиторлық берешекті өндіріп алу мүмкінсіз болған жағдайда, соның ішінде, қамтамасыз етуге айналдыру жолымен өтеу мүмкін емес болғанда, ол құнсыздану резерві есебінен есептен шығарылады. Дебиторлық берешекті есептен шығару, Компания басшылығымен компанияға тиесілі барлық сомаларды өндіріп алу бойынша барлық қолжетімді шаралар қолданылғанда, сондай-ақ, Компания кепілдік қамтамасыз ету өткізгеннен кейін жүзеге асырылады. Бұрын есептен шығарылған сомаларды кейіннен өтелуі  өтеу кезеңіндегі пайда немесе шығындар туралы есепте қаржы активтерінің құнсыздануы бойынша шығыстардың азаюы ретінде көрсетіледі.

**Қаржы активтерін тануды тоқтату**

Компания қаржы активтерін тануды олар бойынша ақша ағындарына шарттық құқықтар тоқтатылған жағдайда немесе қаржы активін және тиісті тәуекелдер мен пайданы басқа тарапқа берген жағдайда ғана тоқтатады. Егер Компания активке иелік етудің барлық негізгі тәуекелдері мен пайдасын бермесе және сақтамаса және берілген активті бақылауды жалғастыратын болса, онда ол осы активтегі өз үлесін және тиісті сомаларды ықтимал төлеу бойынша онымен байланысты ықтимал міндеттерді көрсетуді жалғастырады. Егер Компания берілген қаржы активіне иелік етудің іс жүзіндегі барлық тәуекелдері мен пайдасын сақтап қалса, ол осы қаржы активін есепке алуды жалғастырады, ал беру кезінде алынған қаражат қамтамасыз етілген қарыз түрінде көрсетіледі.

Қаржы активі толық есептен шығарылғанда активтің баланстық құны мен алынған немесе алуға тиесілі сыйақы сомасы арасындағы айырма, сондай-ақ өзге жиынтық кірісте танылған және капиталда жинақталған жиынтық пайда немесе шығын пайдаға немесе шығынға жатқызылады.

Егер қаржы активін тану толық тоқтатылмаған болса (мысалы, Компания берілген активтің бөлігін сатып алу мүмкіндігін сақтаған кезде), Компания осы қаржы активінің алдыңғы баланстық құнын ол жалғасатын қатысу шеңберінде тануды жалғастыратын бөлігі мен беру күніндегі осы бөліктердің әділ құнының салыстырмалы мәндеріне сүйене отырып, ол енді мойындамайтын бөлігі арасында бөледі. Есептен шығарылатын бөлікке бөлінген баланстық құн мен есептен шығарылатын бөлік үшін алынған сыйақы сомасы арасындағы айырма, сондай-ақ өзге жиынтық кірісте танылған оған жинақталған кез келген пайда немесе шығындар пайдаға немесе шығынға жатқызылады. Өзге жиынтық кірісте танылған кірістер немесе шығыстар ұсталатын және есептен шығарылатын бөліктердің әділ құнына пропорционал түрде бөлінеді.

**Міндеттеме немесе капитал ретінде жіктеу**

Компания шығарған борыштық және үлестік қаржы құралдары тиісті шарттың мәніне, сондай-ақ қаржылық  міндеттеме мен үлестік құралдың анықтамаларына сәйкес қаржылық міндеттеме немесе капитал ретінде жіктеледі.

**Үлестік құралдар**

Үлестік құрал– бұл, компанияның барлық міндеттемелері шегерілген Компания активтерінің үлесіне қатысты құқығын растайтын кез келген шарт. Компания шығарған үлестік құралдар оларды шығаруға тікелей шығындарды шегергендегі олар бойынша түсімдер мөлшерінде көрсетіледі.

Компанияның меншік үлестік құралдарын өтеуін төлеп алу, тікелей капиталдан шегеріледі. Компанияның меншік акцияларын сатып алу, сату, шығару немесе жою нәтижесінде туындайтын пайда немесе шығын пайда немесе шығындар құрамында көрсетілмейді.

**Қаржылық міндеттемелер**

Қаржылық міндеттемелер (соның ішінде өзге қаржылық міндеттемелер) бастапқыда есепте транзакциялық шығындары шегеріліп, әділ құны бойынша көрсетіледі.

Кейіннен қаржылық міндеттемелер амортизацияланған құны бойынша бағаланады. Пайыздық шығыс тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдану әдісімен есептеледі.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қаржылық міндеттеменің амортизацияланған құнын есептеу үшін және тиісті кезеңге пайыздық шығыстарды бөлу мақсатында пайдаланылады. Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл қаржылық міндеттеме өтелгенге дейін күтілетін мерзімге немесе (егер қолданылса) оны есепке алу кезінде баланстық құнға дейін қысқарақ мерзімге күтілетін болашақ ақшалай төлемдерді (тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын борыштық құрал бойынша алынған немесе жасалған барлық төлемдерді, мәмілені ресімдеу жөніндегі шығындарды және өзге де сыйлықақыларды немесе дисконттарды қоса алғанда) дисконттау мөлшерлемесі.

**Қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтату**

Компания қаржылық міндеттемелерді тануды олар өтелген, жойылған немесе олар бойынша талап ету мерзімі аяқталған жағдайда ғана тоқтады. Қолданыстығы қаржылық міндеттеме сол кредитор алдында талаптары елеулі өзгеше басқа міндеттемеге ауыстырылған кезде немесе қолданыстығы міндеттеменің талаптары елеулі өзгерген кезде, мұндай айырбас немесе өзгеріс бастапқы міндеттемені есептен шығару және жаңа міндеттемені тану ретінде ескеріледі. Танылуы тоқтатылған қаржылық міндеттеменің баланстық құны мен төленген немесе төлеуге жататын сыйақы арасындағы айырма пайдада немесе шығында танылады.

**Жалдау**

Компания жалдаушы ретінде

Компания шарт жасалған кезде шарттың жалдау болып табылатынын немесе оның элементтері бар-жоғын бағалайды. Компания қысқа мерзімді жалдауды (жалдау мерзімі 12 ай немесе одан кем жалдау ретінде анықталатын) және құны төмен активтерді (мысалы, планшеттер мен дербес компьютерлер, кеңсе жиһазының шағын заттары және телефондар) қоспағанда, ол жалға алушы болып табылатын барлық жалдау шарттарына қатысты пайдалану құқығы нысанындағы активті және жалдау бойынша тиісті міндеттемені таниды. Компания мұндай жалдау шарттарына қатысты жалға алынған активтерден экономикалық пайданы тұтынудың уақытша моделі үшін басқа жүйелі әдіс неғұрлым айқын болатын жағдайларды қоспағанда, жалдау төлемдерін жалдау мерзімі ішінде сызықтық әдіспен операциялық шығыстар ретінде таниды.

Жалдау міндеттемесі бастапқыда, жалдау мерзімі басталған күні төленбеген, жалдау шартында көрсетілген мөлшерлемені пайдалану арқылы дисконтталған жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша бағаланады. Егер бұл мөлшерлеме оңай анықталмайтын болса, Компания қосымша қарыз қаражатын тартудың өз мөлшерлемесін қолданады.

Қосымша қарыз алу мөлшерлемесі жалдау мерзіміне, валютасына және басталу күніне байланысты және бірқатар бастапқы деректер негізінде анықталады, соның ішінде: мемлекеттік облигациялар бойынша мөлшерлемелерге негізделген тәуекелсіз мөлшерлеме; нақты ел үшін тәуекелге түзету; облигациялардың кірістілігі негізінде кредиттік тәуекелді түзету; және жалдау шартын жасасатын ұйымның тәуекел бейіні Компанияның тәуекел бейінінен өзгеше болғанда және жалдау Компанияның кепілдігімен қамтамасыз етілмегенде нақты ұйым үшін түзету.

Жалдау бойынша міндеттемені бағалауға қосылған жалдау төлемдері төмендегілерді қамтиды:

- жалдау бойынша алынатын кез келген жеңілдіктерін шегеріп тастағанда нақты белгіленген жалдау төлемдері (соның ішінде, мәні бойынша белгіленген төлемдерді қоса алғанда);
- Индекске немесе мөлшерлемеге байланысты, бастапқыда жалдау басталған күнгі индекс немесе мөлшерлеме арқылы бағаланатын айнымалы жалдау төлемдері;
- Қалдық құнының кепілдіктері бойынша жалдаушы төлеуге тиіс деп күтілетін сома;
- Егер жалға алушының опциондарды орындайтынына жеткілікті сенімділігі болса, сатып алу опциондарын орындау бағасы
- Егер жалдау мерзімі жалдауды тоқтатуға қатысты опционның орындалуын көрсететін болса, жалдауды тоқтату үшін айыппұл төлемдері.

Жалдау бойынша міндеттеме қаржылық жағдай туралы есепте бөлек жолмен көрсетілген. Жалдау бойынша міндеттеме кейіннен жалдау міндеттемесі бойынша пайыздарды көрсету үшін баланстық құнын ұлғайту арқылы (тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып) және жүргізілген жалдау төлемдерін көрсету үшін баланстық құнын азайту арқылы бағаланады.

Компания жалдау міндеттемесін төмендегі жағдайларда әрдайым қайта бағалайды (және тиісті пайдалану нысанындағы активті тиісті түзетуді жүргізеді):

- Жалдау мерзімі өзгерді немесе сатып алу опционын іске асыруды бағалаудың өзгеруіне әкелетін елеулі оқиға болды немесе мән-жайлар өзгерді, бұндай жағдайда жалдау міндеттемесі қайта қаралған дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып, қайта қаралған жалдау төлемдерін дисконттау арқылы қайта бағаланады.
- Жалдау төлемдері индекстің немесе мөлшерлеменің өзгеруіне немесе кепілдендірілген қалдық құны бойынша күтілетін төлемдердің өзгеруіне байланысты өзгереді және бұндай жағдайда жалдау міндеттемесі өзгермейтін дисконттау мөлшерлемесін қолдана отырып, қайта қаралған жалдау төлемдерін дисконттау арқылы қайта бағаланады (егер жалдау төлемдерінің өзгеруі құбылмалы пайыздық мөлшерлememен байланысты болмаса, бұл жағдайда қайта қаралған дисконттау мөлшерлемесі пайдаланылады).
- Жалдау шарты модификацияланады және жалдау модификациясы жеке жалдау ретінде есепке алынбайды, бұл жағдайда жалдау міндеттемесі өзгертілген жалдау мерзімінің негізінде қолданыстағы модификация күніне қайта қаралған дисконттау мөлшерлемесін қолдана отырып, қайта қаралған жалдау төлемдерін дисконттау арқылы қайта бағаланады.

Компания ұсынылған кезеңдер ішінде бұндай түзетулерді жүргізген емес.

Пайдалану құқығы нысанындағы активтерге, жалдау бойынша тиісті міндеттеменің бастапқы бағалауы, жалдау бойынша алынған кез келген жеңілдіктері және алғашқы тікелей шығындары шегерілген жалдау басындағы немесе соған дейінгі күннің жалдау төлемдері кіреді. Кейіннен олар жинақталған амортизация мен құнсыздану шығындарын шегеріп өзіндік құны бойынша бағаланады.

Пайдалану құқығы нысанындағы активтер жалдау мерзімі және пайдалану құқығы нысанындағы активті пайдалы қолдану мерзімінің неғұрлым қысқасы ішінде амортизацияланады.

Егер жалдау шарты базалық активке меншік құқығын тапсыратын болса немесе пайдалану құқығы нысанындағы актив құны сатып алу опционын іске асыру бойынша Компанияның үмітін көрсететін болса, пайдалану құқығы нысанындағы тиісті актив базалық активті пайдалы қолдану мерзімі ішінде амортизацияланады. Амортизация жалдау басталған күннен басталады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер қаржылық жағдай туралы есепте жеке жолда көрсетілген.

Компания пайдалану құқығы нысанындағы активтің құнсызданауын анықтау үшін ХҚЕС (IAS) 36 қолданады және «Негізгі құралдар» саясатында сипатталғандай, кез келген анықталған құнсызданудан болған шығындарды есепке алады.

**Ақшалай қаражат пен оның баламалары**

Ақшалай қаражат пен оның баламалары кассадағы ақшалай қаражатты, РЕПО кері сатып алу келісімдерін, банк шоттарындағы пайдалануы шектелмеген қаражатты және бастапқы өтеу мерзімі үш айдан кем банктегі депозиттерді қамтиды.

**Банктердегі қаражат**

Компания өзінің әдеттегі қызметі барысында, қаражатты және салымдарын банктерге әртүрлі мерзімге орналастырады. Банктегі қаражат бастапқыда әділ құнымен көрсетіледі және кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлемесі әдісі негізінде амортизацияланған құны бойынша есепке алынады. Банктегі қаражат, құнсыздануға арналған кез келген резерв шегеріліп есепке алынады.

**Сақтандыру бойынша дебиторлық берешек**

Сақтандыру бойынша дебиторлық берешек тиісті кіріс алынғанда танылады және бастапқы тану кезінде, алуға тиесілі қаражаттың әділ құнымен бағаланады . Бастапқы танудан кейін сақтандыру бойынша дебиторлық берешек тиімді пайыздық мөлшерлемесі әдісін қолданып, амортизацияланған құны бойынша бағаланады. Сақтандыру бойынша дебиторлық берешектің баланстық құны сыйақының бастапқы тиімді мөлшерлемесі бойынша дисконтталған есептік болашақ ақша ағындарының құны болып табылады. Сақтандыру бойынша дебиторлық берешектің баланстық құны оқиғалар немесе мән-жайлар баланстық құнның өтелмеуі мүмкін екенін көрсеткен сайын құнсыздану мәніне бағаланады, ал құнсызданудан болған шығын пайда мен шығындар туралы есепте көрсетіледі.

Сақтандыру бойынша дебиторлық берешекті тануды тоқтату қаржы активтерін тану критерийлері орындалғанда жүзеге асырылады.

**Алдын ала төлем**

Алдын ала төлемге Компаниямен төленген, қызмет көрсетілген кезеңдегі шығыстарға жатқызылған аванстық төлемдер кіреді. Алдын ала төлем есепке бастапқы құнымен алынады.

**Қайта сақтандыру**

Компания өзінің әдеттегі қызметі барысында сақтандыру тәуекелдерін қайта сақтандыруға тапсырады. Қайта сақтандыру активтері, қата сақтандыру компанияларынан алуға тиесілі қаражатты құрайды. Өтелетін сомалар аққұла сыйлықақы резервіне және шығындарға арналған резервтер мен шығындарды реттеуге арналған шығыстарға ұқсас және қайта сақтандыру шартына сәйкес бағаланады.

Құнсыздану бойынша бағалау әрбір есеп беру күніне немесе есепті жыл ішінде құнсыздану белгілері пайда болса, одан жиірек жүргізіледі. Құнсыздану Компания келісімшарт талаптары бойынша қайта сақтандырушыдан алынатын сомаларды өтей алмайтыны туралы объективті дәлел болған кезде және оларға әсері сенімді түрде бағалануы мүмкін болған кезде туындайды. Құнсызданудан болған шығын пайда немесе шығындар туралы есепте көрсетіледі.

Қайта сақтандыруға берілген келісімдер Компанияны сақтанушылар алдындағы міндеттемелерден босатпайды.

Компания өзінің әдеттегі қызметі барысында, жалпы сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандыруға байланысты тәуекелдерін өзіне алады. Қабылданған қайта сақтандыру бойынша сыйлықақылар мен төлемдер тікелей сақтандыруға қатысты кірістер мен шығыстар сияқты, қайта сақтандыру кластары ескеріліп, кірістер мен шығыстар ретінде танылады.

Сыйлықақылар мен төлемдер, шығыс және кіріс қайта сақтандыру үшін жеке көрсетілген. Қайта сақтандыру бойынша активтер мен міндеттемелерді тануды тоқтату келісімшарттық міндеттемелер орындалғанда немесе мерзімі өткенде, немесе келісімшарт үшінші тарапқа тапсырылған жағдайда жүзеге асырылады.

**Негізгі құралдар**

Жер, ғимараттар мен құрылыстардан басқа жабдықтар және өзге негізгі құралдар жинақталған амортизацияны және бар болған жағдайда құнсызданудан жинақталған шығындар шегеріліп, сатып алу құны бойынша көрсетіледі.

Жерді, ғимараттарды және құрылыстарды қайта бағалау баланстық құны есепті кезеңнің аяғында әділ құны негізінде анықталатын құнынан елеулі айырмашылығы болмауы үшін жеткілікті жүйелілікпен жүргізіледі. Қайта бағалау нәтижесінде баланстық құнының ұлғаюы өзге жиынтық кіріс құрамында және меншікті капиталда «жерді және ғимараттарды қайта бағалау резерві» ретінде көрсетіледі. Сол актив құнының алдыңғы ұлғаюына қарсы есептелетін құнның азаюы өзге жиынтық кіріс құрамында көрсетіледі және бұрын меншікті капитал құрамында «жерді және ғимараттарды қайта бағалау резервін» төмендетеді; құнның азаюының барлық басқа жағдайлары жыл ішіндегі пайда немесе шығында көрсетіледі. Меншікті капитал құрамына енгізілген жерді және ғимараттарды қайта бағалау резерві актив есептен шығарылған кезде немесе істен шығарылған кезде немесе Компания осы активті пайдалануына қарай қайта бағалаудан құн өсімін іске асырғаннан кейін тікелей бөлінбеген пайдаға ауыстырылады.

Амортизация күтілетін пайдалы қолдану мерзімі ішінде тарату құнын біркелкі шегеріп, негізгі құралдардың (жер учаскелері мен аяқталмаған құрылыс объектілерін қоспағанда) нақты немесе бағалау құнын есептен шығару үшін есептеледі. Пайдалы қолданудың күтілетін мерзімдері, баланстық құны және амортизацияны есептеу әдісі әрбір есепті кезеңнің аяғында талданады, бұл ретте бағалаудағы барлық өзгерістер есептілікте келесі жылдық мөлшерлемелер бойынша салыстырмалы көрсеткіштерді қайта қараусыз көрсетіледі:

| | |
|---|---|
| Ғимарат және құрылыстар | 2.5% |
| Көлік | 25% |
| Компьютерлер | 25% |
| Басқасы | 15% |
| Материалдық емес активтер | 15% |

Негізгі құралдар объекті сатылған жағдайда немесе активті үздіксіз пайдаланудан болашақ экономикалық пайда алу күтілмеген жағдайда есептен шығарылады. Негізгі құралдар объектілерін сатудан немесе басқа да істен шығарылуынан түскен кіріс немесе шығын сату бағасы мен осы объектілердің баланстық құны арасындағы айырма ретінде анықталады және пайда немесе шығындарда танылады.

**Материалдық емес активтер**

Жеке сатып алынған материалдық емес активтер

Жеке мәмілелер шеңберінде сатып алынған түпкілікті пайдалану мерзімдері бар материалдық емес активтер жинақталған амортизацияны және құнсыздану нәтижесінде жинақталған шығынды шегеріп, сатып алынған құны бойынша есепке алынады. Амортизация материалдық емес активтерді пайдалы қолдану мерзімі ішінде біркелкі есептеледі. Пайдалы қолданудың күтілетін мерзімі және амортизацияны есептеу әдісі әрбір есепті кезеңінің аяғында талданады, бұл ретте бағалаудағы барлық өзгерістер есептілікте салыстыру көрсеткіштері қайта қаралмай көрсетіледі. Пайдалану мерзімі белгісіз, жеке мәмілелер шеңберінде сатып алынған материалдық емес активтер құнсыздану нәтижесінде жинақталған шығынды шегеріп, сатып алудың нақты шығындары бойынша есепке алынады.

**Материалдық емес активтерді есептен шығару**

Материалдық емес актив сатылғанда немесе оны пайдаланудан не істен шығарылуынан келешек экономикалық пайда түсімі болжанбайтын жағдайда есептен шығарылады. Істен шығарудан түскен таза түсімдер мен активтің баланстық құны арасындағы айырманы білдіретін материалдық емес активті есептен шығарудан түскен кіріс мен шығын есептен шығару сәтінде пайдаға немесе шығынға енгізіледі.

**Салық салу**

Табыс салығы ағымдағы және кейінге қалдырылған салық сомаларын құрайды.

**Ағымдағы табыс салығы**

Ағымдағы салық сомасы, жыл ішіндегі салық салынатын пайда мөлшеріне қарай анықталады. Салық салуға дейінгі пайда басқа есепті кезеңдердегі салық салу мақсаттары үшін салық салынатын немесе шегерілетін кірістер немесе шығыстардың баптарына байланысты пайда немесе шығындар туралы есепте көрсетілген пайдадан ерекшеленеді, сонымен қатар салық салу мақсатында салық салынбайтын немесе шегерілмейтін баптарды қамтымайды. Ағымдағы табыс салығы бойынша міндеттемелер есепті кезең аяқталғанға дейін қолданысқа енгізілген заңнамамен белгіленген салық салу мөлшерлемелерін пайдаланып есептеледі.

**Кейінге қалдырылған табыс салығы**

Кейінге қалдырылған табыс салығы қаржылық есептілікте көрсетілген активтер мен міндеттемелердің баланстық құны мен салық салынатын пайданы есептеу кезінде пайдаланылатын салықтық есептің тиісті деректері арасындағы уақытша айырмашылықтарға қатысты танылады. Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері, әдетте, салық салынатын барлық мерзімдік айырмашылықтары ескеріліп көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салық активтері шегерілетін уақыт айырмасын есептеуге болатын салық салынатын пайданың болуы ықтимал шамада барлық шегерілетін уақыт айырмаларын ескере отырып көрсетіледі. Егер уақытша айырмашылықтар салық салынатын да, бухгалтерлік пайдаға да әсер етпейтін мәмілелер шеңберіндегі активтер мен міндеттемелерді бастапқы тану салдарынан туындаса, салық активтері мен міндеттемелері қаржылық есептілікте көрсетілмейді.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әр есепті кезеңінің аяғында қайта қаралады және егер болашақта осы активтерді толық немесе ішінара пайдалану үшін жеткілікті салық салынатын пайданың болу ықтималдығы жоғары болмаса, азайтылады.

Табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер есепті күнге бекітілген немесе іс жүзінде бекітілген және салық активін сату немесе міндеттемені өтеу кезеңінде күшінде болады деп болжанатын салық мөлшерлемелерін (сондай-ақ салық заңнамасының қағидаларын) пайдалана отырып есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін және активтерін бағалау есепті кезеңнің аяғындағы жағдай бойынша активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын өтеу немесе орнын толтыру тәсілдеріне қатысты Компания ниетінің салықтық салдарын айқындайды.

**Жыл ішіндегі ағымдағы және кейінге қалдырылған табыс салығы**

Ағымдағы салық және кейінге қалдырылған табыс салығы пайда мен шығындарда танылады, тек олар өзге жиынтық кірістің немесе меншікті капиталдың құрамында тікелей көрсетілетін баптарға қатысты болған кезде ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтар сәйкесінше өзге жиынтық кірісте немесе тікелей капиталда танылады.

**Операциялық салықтар**

Қазақстан Республикасында Компанияның қызметіне қатысты қолданылатын әртүрлі салықтарды есептеу және төлеу бойынша талаптар бар. Бұл салықтар пайда немесе шығындар туралы есепте операциялық шығыстар құрамында көрсетіледі.

**Міндеттемелердің жеткіліктілігін тексеру**

Компания сақтандыру міндеттемелері келешекте күтілетін ақша ағындарына сәйкестігіне көз жеткізу үшін әрбір есепті күнге міндеттемелердің жеткіліктілігін тексереді. Бұл талдау үздік бағалау жорамалдарын пайдалану арқылы міндеттемелердің баланстық құны мен келешекте болжанатын ақша ағындарын салыстыру жолымен жүргізіледі (соның ішінде шығындар, сақтандыру шарттарын қолдауға арналған шығыстар, шығындарды реттеу шығыстары және басқа баптар).

Егер міндеттемелердің жеткіліксіздігі айқындалатын болса (яғни сақтандыру бойынша міндеттемелердің баланстық құны болжанған келешек ақша ағындарынан аспайды), онда бұндай айырма пайда немесе шығындар туралы есепте толық танылады.

**Шығындар резерві**

Шығындар резерві болжамды шығындардың қорытынды бағалауын білдіреді және мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар резервін (бұдан әрі - «МРМШР») және болған, бірақ мәлімделмеген шығындар резервін қамтиды (бұдан былай – «БММШР»).

МРМШР есепті күнге реттелмеген қолданыстағы мәлімделген талаптарға қатысты құрылады. Бағалау Компаниямен сақтандыру жағдайын зерттеу барысында алынған ақпарат негізінде жүргізіледі. БММШР-ды Компания сақтандыру талаптарын мәлімдеудің/реттеудің алдыңғы тарихы негізінде жеткілікті статистикасы бар сақтандыру кластары бойынша үшбұрыштар әдістерін қамтитын актуарлық есептеу әдістерін пайдалана отырып есептейді. Сақтандырудың барлық кластары үшін сақтандыру талаптары туралы статистикалық деректердің жеткіліксіздігі салдарынан БММШР уәкілетті органның талаптарына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша және есеп айрысу күнінің алдындағы соңғы 12 ай ішінде күшіне енген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарына қосымша келісімдер бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақысы сомасының 5 (бес) пайызынан кем емес мөлшерде қалыптастырылады.

БММШР бойынша қайта сақтандыру активтері БММШР есептеу кезінде пайдаланылатын тура сондай актуарлық әдіске сәйкес есептеледі. Сақтандырудың барлық кластары үшін сақтандыру талаптары туралы статистикалық деректерді жеткіліксіздігі салдарынан БММШР бойынша қайта сақтандыру активтері уәкілетті органның талаптарына сәйкес БММШР есебінде пайдаланылатын және қайта сақтандыруға берілген және есеп айырысу күні алдындағы соңғы 12 ай ішінде күшіне енген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша және сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарына қосымша келісімдер бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақысы сомасының көбейтіндісі ретінде қалыптастырылады.

Шығындар резервіндегі қайта сақтандырушының үлесі тиісті қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандырушының үлесіне сәйкес есептеледі.

**Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешегі**

Сақтандыру бойынша кредиторлық берешек алынған аванстарды, сақтанушылар алдындағы кінәраттар бойынша берешекті және бұзылған шарттар бойынша өтемді, агенттер мен брокерлер алдындағы берешекті, сондай-ақ сақтанушылар мен қайта сақтанушылардан алынған аванстарды қамтиды.

Қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешек қайта сақтандыру бойынша таза берешекті қамтиды. Қайта сақтандыру бойынша берешек қайта сақтандыруға берілген сыйлықақыларды, бұзылған шарттар бойынша қайта сақтандыруға қабылданған сыйлықақылар өтеуін және қабылданған қайта сақтандыру бойынша кінәраттарын қамтиды. Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешек амортизацияланған құны бойынша есепке алынады.

**Резервтер**

Резервтер Компанияның бұрын болған оқиғалар нәтижесінде туындаған, құқық нормаларымен анықталатын немесе тұспалданатын, оларды өтеу үшін экономикалық пайданы қамтитын ресурстардың істен шығарылуы талап етілуі мүмкін шартты міндеттемелері бар болғанда есепте көрсетіледі; сонымен қатар, бұндай міндеттемелердің мөлшері жеткілікті дәл дәрежеде бағалануы мүмкін.

Есепте көрсетілетін алдағы шығыстар резервінің мөлшері осы міндеттемелерге тән тәуекелдер мен белгісіздіктерді ескере отырып есепті кезеңнің аяғында айқындалған міндеттемелерді өтеу үшін қажетті соманың ең жағымды бағасын білдіреді. Егер алдағы шығыстар резервінің мөлшері міндеттемелерді өтеу бойынша болжанған ақша ағындары негізінде есептелетін болса, онда алдағы шығыстар резерві осындай ақша ағындарының дисконтталған құны ретінде анықталады (егер уақыт бойынша ақша құнының әсері елеулі болса).

Егер міндеттемелерді өтеуге қажетті төлемдері үшінші тарап толық немесе ішінара өтейді деп күтілсе, тиісті дебиторлық берешек өтемақы алынатынына толық сенімді болғанда және осы дебиторлық берешек сомасын сенімді бағалау мүмкіншілігі бар болған жағдайда актив ретінде көрсетіледі.

**Жарғылық капитал және эмиссиялық кіріс**

Жарғылық капиталға жарналар бастапқы құнымен көрсетіледі. Жай акциялар бойынша дивидендтер олар жарияланған кезеңдегі меншік қаражаттың азаюы ретінде көрсетіледі. Есепті күннен кейін жарияланған дивидендтер ХҚЕС (IAS) 10 «*Есепті күннен кейінгі оқиғалар*» («ХҚЕС (IAS) 10») сәйкес есепті күннен кейінгі оқиға ретінде қарастырылады және олар туралы ақпарат тиісті түрде ашылады.

Эмиссиялық кіріс алынған қаражаттың шығарылған акциялардың номиналды құнынан асуын көрсетеді. Меншікті акцияларды сатудан түскен пайда мен шығындар эмиссиялық кіріске жатқызылады.

**Өтем құны төленген меншікті акциялар**

Компания меншікті акцияларын сатып алған жағдайда, қолданылатын салықты шегергендегі мәміле бойынша шеккен тікелей шығындарды қоса алғандағы сатып алу құны капиталдағы өзгеріс ретінде танылады. Сатып алынған акциялар өтеу құны төленген меншікті акциялар ретінде жіктеледі және құны бойынша көрсетіледі. Бұндай акциялар шығарылған акциялардың орташа мөлшерленген санынан шегеріледі және олардың құны капиталдың азаюы ретінде көрсетіледі. Акциялардың номиналдық құны жай акциялардың азаюы түрінде көрсетіледі, ал құн қалдығы жай акциялар бойынша эмиссиялық кірістің азаюы ретінде көрсетіледі

**Шартты міндеттемелер**

Шартты міндеттемелер қаржылық жағдай туралы есепте танылмайды, бірақ оларды өтеу нәтижесінде қаражаттың кетуі екіталай болған жағдайды қоспағанда, қаржылық есептілікте көрсетіледі. Шартты актив қаржылық жағдай туралы есепте танылмайды, бірақ экономикалық пайда ағыны ықтимал болғанда қаржылық есептілікте көрсетіледі.

**Шетел валютасы**

Қаржылық есептілікті дайындау барысында Компанияның функционалды валютасынан өзгеше валютада («шетел валюталары») жүргізілетін операциялар операция күніндегі айырбас бағамы бойынша көрсетіледі. Шетел валютасында көрсетілген ақша қаражаты есептілік дайындалған күнгі тиісті валюта бағамына сәйкес қайта есептеледі. Әділ құны бойынша есепке алынатын шетел валютасында көрсетілген ақшалай емес баптар әділ құнын анықтау күні қолданыста болған айырбас бағамы бойынша қайта есептелуге тиіс. Тарихи құны бойынша көрсетілген шетел валютасындағы ақшалай емес баптар қайта есептелмейді.

Ақшалай баптар бойынша валюта бағамының өзгеруі нәтижесінде туындайтын бағамдық айырмалар олар пайда болған кезеңде пайда немесе шығындарда көрсетіледі.

Төменде қаржылық есептілікті дайындау кезінде Компания пайдаланған айырбас бағамдары берілген:

| | **2022 жылғы 31 желтоқсан** | **2021 жылғы 31 желтоқсан** |
|---|---|---|
| Теңге/1 АҚШ доллары | 462.65 | 431.80 |
| Теңге/1 еуро | 492.86 | 489.10 |
| Теңге/1 ресей рублі | 6.43 | 5.76 |

**Меншікті капитал қорлары**

Компанияның қаржылық жағдай туралы есебінде меншікті капитал (өзге жиынтық кіріс) құрамында көрсетілген қорларға төмендегілер кіреді:

- Қолда бар сатуға арналған қаржы активтерін қайта бағалау резерві, оған ҚБСА санатындағы қаржы активтерінің әділ құнының өзгерістері жатады;
- Күтпеген тәуекелдер резерві (бұдан әрі – КТР) – сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелетін, аққұла сыйлықақылар резерві жеткіліксіз болған кезде қалыптастырылатын сақтандыру төлемдерін және сақтандыру шығындарын реттеу шығыстарын жабу үшін ықтимал болашақ тәуекелдер бойынша резерв;
- Тұрақтылық резерві – бұл қайта сақтандырушының үлесін ескере отырып, сақтандыру Компаниясының шығындылық коэффициенті оның орташа мәнінен асып кеткен жағдайда сақтандыру компаниясының болашақ төлемдерді жүзеге асыруға байланысты міндеттемелерін бағалау;
- Жерді және ғимараттарды қайта бағалау резерві –кейіннен жинақталған амортизацияны және құнсыздану шығындарын шегеріп, қайта бағалау күніне әділ құны бойынша активтерді есепке алу.

## 3. Елеулі жорамалдар және бағалаудағы белгісіздік көздері

Компанияның есеп саясатын қолдану барысында, басшылық активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына қатысты басқа көздерден айқын емес болып табылатын болжамдар, бағалау және жорамалдар жасауға тиіс. Бағалау мәндері және олардың негізінде жатқан жорамалдар бұрынғы тәжірибеге және нақты жағдайларда орынды болып саналатын өзге де факторлар негізінде қалыптасады. Іс жүзіндегі нәтижелер осы бағалаулардан өзгеше болуы мүмкін.

Бағалаулар және олармен байланысты жорамалдар тұрақты түрде қайта қарастырылады. Бағалаудағы өзгерістер, егер ол тек осы кезеңге ғана әсер етсе, қайта қаралған кезеңде көрсетіледі, немесе егер өзгеріс ағымдағы да, сондай-ақ келешек кезеңдерге де әсер ететін болса, онда бағалау қайта қаралған кезеңде және келешек кезеңдерде де көрсетіледі.

**Есеп саясатын қолдану барысында пайдаланылған елеулі жорамалдар**

Төменде, бағалауда белгісіздіктері бар (төменде қараңыз) және Компания басшылығы есеп саясатын қолдану барысында пайдаланған және қаржылық есептілікте көрсетілген сомаларға маңызды әсер ететін жорамалдардан басқа жорамалдар көрсетілген.

**Бағалаудағы белгісіздіктің негізгі көздері**

Төменде келесі қаржы жылы ішінде активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын елеулі түзетуге әкелуі мүмкін келешекке байланысты негізгі жорамалдар және есептілік кезеңнің аяғындағы бағалаудағы белгісіздіктің басқа да негізгі көздері берілген.

Компания сақтандыру кінәраттары туралы статистикалық деректердің жеткіліксіздігіне байланысты, актуарлық әдістерді қолдану арқылы БММШР есептемейді. Болған, бірақ мәлімделмеген шығындар үшін Компания сақтандыру класына қарай есеп айырысу күнінің алдындағы соңғы 12 (он екі) ай ішінде күшіне енген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары және сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарына қосымша келісімдер бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақысы сомасынан 5 (бес) пайыздан бастап 20 (жиырма) пайызға дейінгі мөлшерде БММШР есептейді. Актуарлық әдістерді қолданбай есептелген БММШР болған, бірақ мәлімделмеген шығындарды реттеуге жеткіліксіз болуы мүмкін. Компания актуарийі ең үздік тәжірибесін пайдаланып, БММШР балама бағалауын жүргізеді, бұрынғы есепті кезеңдер бойынша қалыптастырылған шығындар резервінің ретроспективті жетімділігін талдайды және жоғарыда алынған бағалау нәтижелері негізінде сараптамалық пайымдау қолданып БММШР анықтайды. Компания БММШР есептеу кезінде қолданылатын сыйлықақы пайызын, міндеттемелерді бағалау кезіндегі негізгі белгісіздік көзі ретінде белгіледі.

**Қаржы құралдарын бағалау**

27-ескертуде сипатталғандай, қаржы құралдарының белгілі түрлері бойынша әділ құнын бағалау үшін Компания бақыланатын нарықтық деректерге негізделмеген бастапқы деректерді есепке алатын бағалау әдістерін пайдаланады. 27-ескертуде қаржы құралдарының әділ құнын бағалау үшін қолданылған негізгі жорамалдар туралы толық ақпарат берілген, сондай-ақ осы жорамалдарға қатысты бағалау сезімталдығына толық талдау жасалған. Басшылықтың пікіріне сәйкес, таңдалған бағалау әдістері мен қолданылған жорамалдар қаржы құралдарының әділ құнын анықтауға жарамды.

## 4. Жаңа және қайта қаралған халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын (ХҚЕС) қолдану

**Ағымдағы жылға қатысты күшіне енген жаңа және түзетілген ХҚЕС**

Стандарттарға және түсіндірмелерге қатысты төменде берілген түзетулер Компания үшін 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданыла бастады:

ХҚЕС (IAS) 16 «*Негізгі құралдар – Болжалды пайдалануға дейінгі түсімдер*» түзетулері*;*
ХҚЕС жыл сайынғы жетілдірулер 2018-2020 жылдар кезеңі (2020 мамыр);
ХҚЕС (IFRS) 3 «*Тұжырымдамалық негіздерге сілтемелер*» түзетулері (2020 мамыр)
ХҚЕС (IAS) 37 «*Шығынды шарттар – келісімшартты орындау құны*» түзетулері (2020 мамыр)

Жаңа стандарттар мен түсіндірмелерді қолдану, ағымдағы және алдыңғы кезеңнің есептік деректеріне әсер ететін Компанияның есеп саясаттарының елеулі өзгерістеріне әкелген жоқ.

### Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген жаңа және қайта қаралған ХҚЕС

Осы қаржылық есептілікті бекіту сәтінде Компания шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген келесі жаңа және қайта қаралған ХҚЕС қолданған жоқ:

| | |
|---|---|
| *ХҚЕС (IFRS) 17 (* 2020 маусымдағы және 2021 желтоқсандағы *ХҚЕС (IFRS) 17 түзетулерін қоса алғанда* | *«Сақтандыру шарттары»* |
| *ХҚЕС (IAS) 1 түзетулері* | *«Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеу»* |
| *ХҚЕС (IAS) 1 түзетулері және 2-практикалық нұсқаулық* | *«Есеп саясатын ашу»* |
| *ХҚЕС (IAS) 12 түзетулері* | *«Бір операция нәтижесінде туындайтын активтер мен міндеттемелерге байланысты кейінге қалдырылған салық»* |
| *ХҚЕС (IAS) 8 түзетулері* | *«Бухгалтерлік бағалауларды анықтау»* |

***ХҚЕС (IFRS) 17 «Сақтандыру шарттары»***.

2020 жылғы 25 маусымда және 2021 жылғы 9 желтоқсанда енгізілген өзгертулер мен толықтырулар ескеріп, 2017 жылғы 18 мамырда шығарылған ХҚЕС 17 «*Сақтандыру шарттары*» сақтандыру шарттарына қатысты ақпаратты ашу және ұсынуды бағалауды тану қағидаттарын белгілейді және ХҚЕС 4 «*Сақтандыру шарттарын*» ауыстырады. Компания оны 2023 жылғы 1 қаңтардан басталатын кезеңдер ішінде қолданады. ХҚЕС 17 ХҚЕС 4-пен салыстырғанда елеулі тұжырымдамалық өзгеріс болып табылады. Ол экономикалық тұрғыдан тиімдірек болуға және сала бойынша салыстырымдылығын арттыра отырып, бизнестің базалық кірістілігін жақсырақ көрсетуге бағытталған.

ХҚЕС 17 ресімделген сақтандыру шарттарына, қайта сақтандыру шарттарына және сақтандыру компаниясы сондай-ақ сақтандыру шарттарын ресімдеу талабымен дискрециялық қатысу ережелері бар инвестициялық шарттарға қолданылады. Ол сақтандыру шарттарынан келесі компоненттерін бөлек шығаруды талап етеді: (i) егер олар белгілі бір критерийлерге сәйкес келсе, кіріктірілген туынды құралдар; (ii) жеке инвестициялық компоненттер және (iii) сақтандыруға жатпайтын тауарлар мен қызмет көрсетуді ұсыну бойынша орындалатын жеке міндеттемелер. Бұл . компоненттер тиісті стандарттарға сәйкес жеке есепке алынуы қажет.

Стандарт сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелерді және тиісті кірістілікті бағалау үшін пайдаланатын жинақтау деңгейін анықтайды. Сонымен қатар, ХҚЕС 17 ұқсас тәуекелдерге ұшырайтын және бірлесіп басқарылатын шарттардан тұратын сақтандыру шарттары портфельдерін сәйкестендіруді талап етеді. Сақтандыру шарттарын бағалаудың жалпы моделін қолдану мақсатында, ХҚЕС 17 сақтандыру шарттары бойынша деректерді есепке алудың жаңа бірлігін білдіретін шарттар тобының деңгейіне дейін жинақтауды көздейді. Бір топқа тек бір жылдан аспайтын айырмашылықпен шығарылған шарттар кіруі мүмкін (жылдық когорта деп аталады). Сондықтан шарттардың әрбір портфелі (бірлесіп басқарылатын тәуекел бейіні бірдей шарттардың жиынтығы) жылдық когорталарға және одан әрі үш негізгі топқа бөлінеді:

1) бастапқы тану кезіндегі ауыртпалықты шарттар;
2) кейіннен ауыртпалықты болмау ықтималдығы жоғары шарттар;
3) өзге шарттар.

ХҚЕС 17 әдепкі бойынша төмендегі құрама элементтерге негізделген жалпы модельді (кезеңдік тәсіл) қолдануды талап етеді:

- шарттарды орындау бойынша ақша ағындары, оған кіретіні:
  - болашақ ақша ағындарын бағалау ықтималы ескеріліп өлшенген;
  - ақшаның уақытша құнын белгілейтін түзету (яғни дисконттау) және болашақ ақша ағындарына байланысты қаржылық тәуекелдер;
  - қаржылық емес тәуекелді түзету;
- шарт бойынша қызметтер үшін маржа.

Тәуекелді түзетуді анықтау барысында резервтердің тәуекел факторларына қатысты белгілі бір сенімділік деңгейін көрсететін «қаржылық емес тәуекел бойынша тәуекелді түзету» тәсілі қолданады. Қаржылық емес тәуекел бойынша тәуекелді түзету белгілі бір сенімділік деңгейіндегі максималды шығынды білдіреді. Өмірді сақтандыру шарттары жазатайым оқиғалардан сақтандыру шарттарынан шамалы айрықша. «Өмірді жинақтаушы сақтандыруға» қатысты шарттар тобы алдымен тәуекел факторы тәуекел факторына жалғасып, болашақ ақша ағындарының ағымдағы құнының өзгеруін бағалау үшін сенімділіктің оңтайлы деңгейіне дейін өндіріледі.

Шеккен шығындар бойынша жазатайым оқиғалардан сақтандыруға байланысты міндеттемелерге қатысты сенімділіктің оңтайлы деңгейін көрсететін қаржылық емес тәуекел бойынша тәуекелді түзетуді есептеу резервтерді толық бөлу ықтималдығына қолданылады. Қаржылық емес тәуекел бойынша тәуекелді түзету бағалау кезінде сақтандыру процесіне тән статистикалық өзгергіштік пайдаланылады, бұл күтілетін болашақ ақша ағындарына қатысты белгісіздікке әкеледі. Деректердің саны жеткілікті болған кезде тәуекел статистикалық талдаудың әртүрлі әдістерімен сандық түрде анықталуы мүмкін.

Деректер шектеулі болғанда Компания пайымдауға сүйенеді. Талдау үшін қолайлы көлемді бағалауда тереңірек талдау жүргізуге жұмсалған күш-жігер мен терең талдау маңызды және статистикалық тұрғыдан тиянақты болып табылатын тәуекел мен белгісіздікті көрсету үшін қолданылатын бағалаулардың өзгеруіне әкелетіні арасындағы тепе-теңдік туралы пайымдау пайдаланылады.

Компания бастапқыда жалпы тәсіл негізінде бағаланатын шарттар топтары үшін қаржылық емес тәуекел бойынша тәуекелге түзетуді есептейді. PAA әдісі бойынша бағаланатын қалған топтар үшін тәуекелге түзету тек шеккен шығындар резервтері үшін есептеледі.

Сонымен қатар, күрделірек модельдерді жоғары жинақтау деңгейінде іске қосу, содан кейін бағалау кезінде неғұрлым егжей-тегжейлі деңгейде пайдалану үшін факторлық матрицаларға дейін жеңілдету қарастырылады.

Дисконттау мөлшерлемесін алатын болсақ, Компания «жоғарыдан төмен» тәсілін қолдануды көздейді. Базалық мөлшерлеме ретінде активтердің кірістілігіне анық емес кіргізілген кредиттік тәуекел үшін сыйлықақыны ескере отырып түзетілген инвестициялық портфельдің болжамды кірістілігін пайдалану болжанады. Бұл түзету базалық мөлшерлемені кредиттік тәуекел үшін қосымша сыйақылардан тазартуға мүмкіндік береді. Кредиттік тәуекел көптеген әдістермен бағалануы мүмкін. Байқалған тәжірибелерге «Нарықтық әдістер» (кредиттік/дефолттық своп), «Күтілетін/күтпеген кредиттік шығындарының моделі» және т.б. кіреді.

ХҚЕС 4 салыстырғанда, шарт бойынша қызмет көрсету үшін маржа енгізу маңызды өзгеріс болып табылады. Шарт бойынша қызмет көрсету маржасы, сақтандыру шарттары тобы бойынша аққұла пайданы, басқаша айтқанда, акционерлерге тиесілі келешектегі пайданың ағымдағы құнын білдіреді. Ол қаржылық жағдай туралы есепте бос ақша ағынынан бөлек міндеттеме ретінде ұсынылады және Компания сақтанушыларға қызмет көрсетуіне қарай шарттардың қолданылу мерзімі ішінде пайда мен шығындар туралы есепте танылады. Шарт бойынша қызмет көрсету маржасы сақтандыру шарты күшіне енген күнге теріс бола алмайды; сақтандыру шарты күшіне енген күніне міндеттемелерді орындау бойынша ақша ағындарының кез келген таза теріс сомасы дереу пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін болады.

Әрбір келесі есепті кезеңнің аяғында сақтандыру шарттары тобының баланстық құны қайта бағаланады және мынадай соманы құрайды:

- болашақ қызметтерге қатысты бос ақша ағындарын және осы күнге арналған топ шарты бойынша қызметтер үшін маржаны біріктіретін қалған сақтандыру бойынша міндеттемелер; және
- осы күнге Компанияға жатқызылған өткен қызметтерге қатысты бос ақша ағыны ретінде бағаланатын шеккен шығындар бойынша міндеттемелер.

Шарт бойынша қызмет көрсету маржасы техникалық болжамдардың (өлім сырқаттанушылық бұзу шығыстар болашақ сыйлықақылар) өзгеруіне байланысты күтілетін болашақ ақша ағындарындағы өзгерістерді ескере отырып, әрбір келесі есепті кезеңде түзетіледі. Алайда, шарт бойынша қызмет көрсету маржасы теріс бола алмайтындықтан, шарт бойынша қызмет көрсету үшін қалған маржадан асатын болашақ ақша ағындарының теріс өзгерістері бірден пайда немесе шығын құрамында танылады. Сондай-ақ, пайыздар шартты бастапқы тану кезінде белгіленген мөлшерлемелер бойынша (яғни, болжамды ақша ағындарының ағымдағы құнын анықтау үшін бастапқы тану кезінде пайдаланылатын дисконттау мөлшерлемесі бойынша) шарт бойынша қызметтер үшін маржаға есептеледі. Сонымен қатар, шарт бойынша қызмет көрсету маржа ұсынылған төлемдер санын және топта қалған шарттарды жабудың күтілетін ұзақтығын көрсететін сақтандыру өтемінің бірліктері негізінде пайда немесе шығын құрамына кіргізіледі. Сақтандыру шарттарының әртүрлілігін ескере отырып, сақтандыру бірліктерін анықтау шартта белгіленген қамту деңгейін (мысалы, белгіленген мерзім ішіндегі өліміне байланысты жәрдемақы, полис ұстаушылар шотының құны немесе кепілдіктердің үйлесімі) және шарт бойынша күтілетін қамту ұзақтығын ескеріп, пайымдауларды пайдалануды болжайды.

| Кейінге қалдырылған табыс салығындағы өзгеріс | 1,064 | 6,672 |
| **Табыс салығы бойынша шығыс** | **1,615** | **6,776** |

## 25. Шартты қаржылық міндеттемелер

### Сот талап арыздары

Компанияның қызмет көрсетуі барысында, клиенттер мен контрагенттері компанияға кінәраттар қоюы мүмкін. Басшылықтың пайымдауына сәйкес, оларды талқылау кезінде Компания елеулі шығындар шекпейді және тиісінше қаржылық есептілікте резервтер құрылған жоқ.

### Салық салу

Қазақстандық коммерциялық және оның ішінде салық заңнамасы кері күші бар әртүрлі түсіндірмелерге апаруы мүмкін. Одан басқа, салық заңнамасын салық органдарының пайымдауынан, басшылықтың өзінше пайымдауы айрықша болуы мүмкін, және салық органдары операцияларды даулануы мүмкін, бұл қосымша салықтар, айыппұл және өсімақы есептеуге әкелуі мүмкін. Басшылықтың пікірі бойынша, Компания барлық салық төлемдерін жүзеге асырған және салық заңнамасының талаптарына тиісті дәрежеде сәйкестелген, сондықтан, қаржылық есептілікте қандай болмасын резервтер құрылмаған. Салық органдары салық салу мәліметтері бойынша соңғы бес жылға қатысты тексеру жүргізуі мүмкін.

**Зейнетақы төлемдері**

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, шарттық тапсырыстар бойынша қызмет көрсететін агенттерін қоспағанда, Компанияның барлық қызметкерлері зейнетақымен қамтамасыз етуге құқылы. 2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның қазіргі және бұрынғы қызметкерлері алдында, қосымша зейнетақы төлемдері, зейнетке шыққаннан кейін медициналық қызмет көрсету төлемдері бойынша, сақтандыру төлемдері немесе өзге жеңілдіктері бойынша  міндеттемелері болған емес.

**Күрделі шығындар бойынша міндеттемелері**

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның күрделі шығындар бойынша елеулі міндеттемелері болған емес.

**Операциялық жалдау шарттары бойынша міндеттемелер**

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның операциялық жалдау шарттары бойынша елеулі міндеттемелері болған емес.

**Операциялық орта**

Дамушы елдерінің нарықтары, соның ішінде Қазақстан нарығы, дамыған нарықтардың тәуекелдерінен өзгеше экономикалық, саяси, әлеуметтік, соттық және заңнамалық тәуекелдерге ұшырайды. Қазақстанда бизнес жүргізуді реттейтін заңдар мен нормативтік актілер тез өзгеріп, еркін талқылануы мүмкін. Қазақстанның келешек экономикалық бағыты үкімет қабылдаған фискалдық және ақшалай-кредиттік саясаттың, сондай-ақ құқықтық, реттеуші және саяси ортадағы өзгерістердің әсеріне қатты ұшырайды. Қазақстан мұнай мен газды үлкен көлемде өндіріп, экспортқа шығаратынына байланысты, оның экономикасы мұнай мен газдың әлемдік нарықтағы бағаларына ерекше сезімтал.

Компания басшылығы экономикалық жағдайдағы ағымдағы өзгерістерді мұқият бақылайды және жақын болашақта Компания бизнесінің тұрақтылығы мен дамуын қолдау үшін қажетті деп есептейтін шараларды қабылдайды. Дегенмен, экономикалық жағдайдағы өзгерістер Компанияның болашақ қызмет нәтижелері мен қаржылық жағдайына елеулі әсер етуі мүмкін.

## 26. Байланысты тараптармен операциялар

ХҚЕС (IAS) 24 «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу» берілген анықтамаға сәйкес байланысты тараптар немесе байланысты тараптармен операциялар төменде көрсетілген.

Байланысты тараптар арасында қатынастардың болу мүмкіндігін қарастыру барысында өзара қарым-қатынастардың тек заңды ресімделуіне ғана емес, мәніне назар аударылады. 2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания байланысты тараптармен келесі операцияларды жүзеге асырған:

| | 31 желтоқсан 2022 | | 31 желтоқсан 2021 | |
|---|---|---|---|---|
| | **Байланыс тараптармен операциялар** | **Қаржылық есептілік баптарына сәйкес санаттар бойынша жиыны** | **Байланысты тараптармен операциялар** | **Қаржылық есептілік баптарына сәйкес санаттар бойынша жиыны** |
| Ақшалай қаражат пен оның баламалары | 28, | 378, | 8, | 129, |
| *- жалпы бақылаудағы ұйымдар* | 28, | | 8, | |
| Кейінге қалдырылған аквизиттеу шығыстары | 631, | 900, | - | 2, |
| *-жалпы бақылаудағы ұйымдар* | 631, | | - | |
| Аққұла сыйлықақылар резерві | - | (8, | (1, | (2, |
| *- жалпы бақылаудағы ұйымдар* | - | | (899) | |
| *- өзге байланысты тараптар* | - | | (1, | |
| Қолда бар сатуға арналған қаржы активтері | 43, | 60, | 153, | 32, |
| *- жалпы бақылаудағы ұйымдар* | 43, | | 153, | |
| Өзге активтер | 203, | 976, | 37, | 350, |
| *- жалпы бақылаудағы ұйымдар* | 203, | | - | |
| *- өзге байланысты тараптар* | 139 | | 37, | |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешек | (408, | (1, | - | (151, |
| *- жалпы бақылаудағы ұйымдар* | (407, | | - | |
| *- өзге байланысты тараптар* | (860) | | - | |
| Өзге міндеттемелер | (21, | (280, | - | (177, |
| *- жалпы бақылаудағы ұйымдар* | (21, | | - | |
| *- өзге байланысты тараптар* | (293) | | - | |

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптармен жасалған операциялардың құнсыздануы танылған жоқ.

Директорлар және басқа негізгі басшылық мүшелерінің сыйақысы келесі түрде көрсетілген:

| | **2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл** | | **2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл** | |
|---|---|---|---|---|
| | **Байланысты тараптармен операциялар** | **Қаржылық есептілік баптарына сәйкес санаттар бойынша жиыны** | **Байланысты тараптармен операциялар** | **Қаржылық есептілік баптарына сәйкес санаттар бойынша жиыны** |
| **Негізгі басқару персоналының сыйақысы :** | | | | |
| *- еңбекақы және өзге сыйақылар* | 157,548 | 1,956,341 | 71,364 | 1,036,322 |

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанда аяқталған жылдары іші пайда мен шығындар туралы есепте байланыс тараптармен жасалған операциялар бойынша туындаған келесі сомалар көрсетілген:

| | **2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл** | | **2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл** | |
|---|---|---|---|---|
| | **Байланысты тараптармен операциялар** | **Қаржылық есептілік баптарына сәйкес санаттар бойынша жиыны** | **Байланысты тараптармен операциялар** | **Қаржылық есептілік баптарына сәйкес санаттар бойынша жиыны** |
| Сақтандыру сыйлықақылары | 25, | 9, | 8, | 5, |
| *- жалпы бақылаудағы ұйымдар* | 7, | | 2, | |
| *- өзге байланысты тараптар* | 17, | | 6, | |
| Төленген шығындар | (19, | (5, | - | (2, |
| *- жалпы бақылаудағы ұйымдар* | (434) | | - | |
| *- өзге байланысты тараптар* | (19, | | - | |
| Комиссиялық шығыстар | (29, | (68, | - | 6, |
| *- жалпы бақылаудағы ұйымдар* | (29, | | - | |
| Өзге кірістер | - | 154, | 7, | 96, |
| *- жалпы бақылаудағы ұйымдар* | - | | 7, | |
| Еңбекақы және операциялық шығыстар | (430, | (4, | (275, | (3, |
| *- жалпы бақылаудағы ұйымдар* | (401, | | (228, | |
| *- өзге байланысты тараптар* | (28, | | (47, | |

## 27. Қаржы құралдарының әділ құны

ХҚЕС сәйкес әділ құн бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасындағы әдеттегі мәміле шеңберінде активті сату кезінде алынатын немесе міндеттемені беру кезінде төленетін бағаны ескере отырып, айқындалады.

**Тұрақты негізде әділ құны бойынша есепке алынатын Компанияның қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінің әділ құны**

Компанияның кейбір қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері әрбір есеп беру кезеңнің аяғында әділ құны бойынша ескеріледі. Төмендегі кестеде осы қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінің әділ құны қалай анықталатыны туралы ақпарат берілген (атап айтқанда, пайдаланылатын бағалау әдістемелері мен бастапқы деректер):

| **Қаржы активтері** | 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құны | 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құны | **Әділ құнының иерархиясы** | **Бағалау әдістемелері және бастапқы деректер** |
|---|---|---|---|---|
| Қолда бар сатуға арналған қаржы активтері | 12,874,540 | 27,581,321 | 1-деңгей | Белсенді нарықтағы баға белгіленімі |
| Қолда бар сатуға арналған қаржы активтері | 47,751,734 | 5,025,441 | 2-деңгей | Бағалау барлық қолданылатын маңызды бастапқы деректер активке қатысты тікелей немесе жанама бақыланатын бағалау әдістері арқылы алынған. |
| Қолда бар сатуға арналған қаржы активтері | - | - | 3-деңгей | Бақыланатын нарықтық деректерге негізделмеген бағалаулар |

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қолда бар сатуға арналған қаржы активтері құрамына 35,307 мың теңге сомада жай акциялары кіреді, әділ құны бойынша олардың сенімді бағалауы жоқ, сондықтан өзіндік құны бойынша есепке алынады (2021 жылғы 31 желтоқсан: 17,641 мың теңге).

Қаржы құралдарын 1 және 2-деңгей аралығында қайта жіктеу жыл ішінде жүргізілген жоқ.

**Тұрақты негізде әділ құны бойынша есепке алынбайтын (бірақ әділ құны міндетті түрде көрсетілетін) қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінің әділ құны**

Компания басшылығының пікіріне сәйкес, қаржылық есептілікте көрсетілген қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінің баланстық құны қысқа мерзімділігіне байланысты, олардың әділ құнына шамалас.

## 28. Капиталды басқару

Компания өз қызметін, реттелетін салаға жатқызылған сақтандыру секторында жүзеге асырады. Компания барлық ережелерді, соның ішінде, капитал бойынша пруденциалдық нормаларды сақтауға міндетті. Пруденциалдық ережелер төлем қабілеттілігінің минималды шегін есептеу әдісін (төлем қабілеттілігінің минималды маржасы) және төлем қабілеттілігінің іс жүзіндегі шегін (төлем қабілеттілігінің іс жүзіндегі маржасы) белгілейді. Төлем қабілеттілігінің іс жүзіндегі маржасының төлем қабілеттілігі маржасының минималды мөлшеріне барабарлығы ҚРҰБ талаптарына сәйкес, бірліктен кем болуы мүмкін емес

Төлем қабілеттілігінің іс жүзіндегі маржасы қайта сақтандырушылар үлесі және өзге міндеттемелері шегерілген сақтандыру резервтерінің сомасына кемітілген, өтімділігі жоғары активтерінің сомасы болып табылады. Өтімділігі жоғары актив – бұл ҚРҰБ пруденциалдық талаптарымен реттелген өтімділік коэффициенті ескеріліп өлшенген Компанияның активтері.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша төлем қабілеттілігінің минималды маржасы 2,194,390 мың теңгені құраған(2021 жылғы 31 желтоқсан: 2,041,900 мың теңге).

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша реттеуші капитал төмендегі кестеде көрсетілген:

| | **2022 жылғы 31 желтоқсан** | **2021 жылғы 31 желтоқсан** |
|---|---|---|
| **Реттеуші капитал** | | |
| төлем қабілеттілігінің іс жүзіндегі маржасы | 9,121,839 | 4,298,254 |
| төлем қабілеттілігінің минималды маржасы | 2,194,390 | 2,041,900 |
| **төлем қабілеттілігінің маржасы** | **4.16** | **2.11** |

## 29. Тәуекелдерді басқару саясаты

Тәуекелдерді басқару сақтандыру қызметіндегі мәні маңызды және Компания қызметінің негізгі элементтерінің бірі болып танылады. Компанияның қызметіне тән негізгі тәуекелдер – сақтандыру тәуекелі, кредиттік тәуекел, нарықтық тәуекел, операциялық және өтімділік тәуекел. Төменде осы тәуекелдерді басқару бойынша Компанияның саясаты сипатталған.

**Сақтандыру бойынша саясат**

Компания тәуекелдерді және олардың шектерін қабылдау процесін шарттайтын сақтандыру бойынша нұсқаулықты және лимиттерін белгілейді. Аталған шектеулердің мониторингі тұрақты негізде жүзеге асырылады.

Компаниядағы тәуекелдерді ақылға қонымды басқару жүйесін және ішкі бақылауды қалыптастыру мақсатында келесі алқалы кеңесші органдары құрылған: Андеррайтинг кеңесі және Активтер мен пассивтерді басқару кеңесі.

Компанияның сақтандыру қызметі Қазақстан Республикасының барлық аумағына таралған. Географиялық шоғырлануға және сақтандыру өнімдеріне қатысты Компанияның қайта сақтандыру портфелі әртараптандырылған болып табылады.

**Шығындардың даму динамикасын талдау**

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания жалпы резервтік шығындарын (соның ішінде МРМШР және БММШР) тиісінше 4,615,904 мың теңге және 1,610,763 мың теңге мөлшерінде белгілеген. Шығындар динамикасын талдау жыл сайын жүргізіледі. Бұл талдау Компанияға кезең ішіндегі шығындардың түпкілікті сомасын бағалауға мүмкіндік береді.

Ұсынылған кестеде «Төленбеген кінәраттар және кінәраттар бойынша шығыстар (МРМШР және БММШР) бойынша жалпы міндеттеме», «Өтелуге жататын қайта сақтандыру сомасы», «Төленбеген кінәраттар және кінәраттар бойынша шығыстар (МРМШР және БММШР) бойынша таза міндеттеме» жолдарында жалпы алғанда, қайта сақтандырушының үлесін ескере отырып және тиісінше қайта сақтандырушының үлесін есепке алусыз, есепті күндерге (кезең аяғына) бағаланған шығындар резервтерінің деректері берілген. Кестенің бұл бөлігі белгілі күнтізбелік кезеңіне жатқызылған Компания шығындарының жалпы сомасын бағалау келесі кезеңдерде қалай өзгергенін көрсетеді.

«Тиісті жылы болған сақтандыру жағдайлары бойынша шығындардың жалпы резерві» жолдарында тиісті жолда көрсетілген күнгі жағдай бойынша қайта бағаланған, тиісті бағанның тақырыбында көрсетілген  жыл ішінде болған шығындар резерві келтіріледі.

«Тиісті жылы болған сақтандыру жағдайлары бойынша (өсу қорытындысымен) орындалған сақтандыру төлемдері» жолдарында тиісті жолда көрсетілген күнгі жағдай бойынша тиісті бағанның тақырыбында көрсетілген жыл ішінде болған шығындар бойынша өспелі қорытындысы бар төлемдер туралы деректер келтіріледі.

«Шығындар резервінің артығы (жинақталған)» жолдарында шығындар резервінің бастапқы жалпы көлемі және шеккен шығындарының ағымдағы бағалауы мен төлемдер арасындағы айырмашылығы өсу қорытындысымен көрсетіледі.

Шығындар резервінде Компания келешек шығындардың тәжірибесі жорамалданғаннан жағымсыз болады деп бағалайды және елеулі белгісіздік бар жерде резервтерді жоспарлау бойынша абайлық білдіреді. Тұжырымдап келгенде, белгісіздік, жыл ішінде мәлімденген шығындардың жағымсыз өсуіне байланысты, аталған жылдағы дамуының ерте сатысындағы бағалауынан жоғары. Демек, Компания барабарлықтың максималды деңгейіне кепіл болу үшін, резервтердің шектен артқандығын мойындайды. Шығындардың динамикасы дамыған сайын, қосымша жағымсыз шығындардың мөлшері айқындалады, кепілдік қоры төмендейді және бұл шығындар резервін қалыптастыру кезінде ескеріледі.

| **Тиісті жылғы 31 желтоқсанда** | **2018 ж.** | **2019 ж.** | **2020 ж.** | **2021жг.** | **2022 ж.** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Төленбеген кінәраттар және кінәраттарға қатысты шығыстар бойынша жалпы міндеттеме (БММШР мен МРМШР)** | 1,605,487 | 2,274,934 | 2,457,092 | 2,551,827 | 4,615,905 |
| Өтелуге тиесілі қайта сақтандыру сомасы | (714,736) | (1,295,284) | (939,930) | (316,108) | (521,798) |
| **Төленбеген кінәраттар және кінәраттарға қатысты шығыстар бойынша таза міндеттеме (таза БММШР және таза МРМШР)** | **890,751** | **979,650** | **1,517,162** | **2,235,719** | **4,094,107** |

| **Тиісті жылы болған сақтандыру жағдайлары бойынша шығындардың жалпы резерві :** | **2018 г.** | **2019 г.** | **2020 г.** | **2021 г.** | **2022 г.** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Жыл аяғына** | **1,154,268** | **1,035,816** | **1,620,760** | **2,221,030** | **4,098,089** |
| **Сақтандыру жағдайлары бойынша атқарылған сақтандыру төлемдері (өсу қорытындысымен):** | | | | | |
| Бір жылдан кейін | 414,137 | 385,369 | 885,660 | 1,344,716 | |
| Екі жылдан кейін | 417,592 | 431,961 | 942,233 | - | |
| Үш жылдан кейін | 427,119 | 468,912 | - | - | |
| Төрт жылдан кейін | 431,786 | - | - | - | |
| **Осы күнге төлемдер, өсу қорытындысымен** | **431,786** | **468,912** | **942,233** | **1,344,716** | |

| **Тиісті жылы болған сақтандыру жағдайлары бойынша шығындардың жыл аяғындағы жалпы резерві:** | **2018 ж.** | **2019 ж.** | **2020 ж.** | **2021жг.** | **2022 ж.** |
|---|---|---|---|---|---|
| Бір жылдан кейін | 643,004 | 151,516 | 166,523 | 317,504 | |
| Екі жылдан кейін | 672,203 | 145,702 | 145,961 | - | |
| Үш жылдан кейін | 18,572 | 36,254 | - | - | |
| Төрт жылдан кейін | 1,365 | - | - | - | |
| Бес жылдан кейін | - | - | - | - | |
| **Шеккен шығындардың ағымдағы бағалауы, өсу қорытындысымен** | **1,365** | **36,254** | **145,961** | **317,504** | |
| Шығындар резервінің артығы (жинақталған) | 721,117 | 530,650 | 532,566 | 558,810 | |
| Шығындардың бастапқы резервінің артық % | 62.5% | 51.2% | 32.9% | 25.2% | |

**Қайта сақтандыру**

Әдеттегі қызметі барысында Компания қазақстандық және шетелдік қайта сақтандырушыларымен облигаторлық және факультативтік қайта сақтандыру шарттарын жасасады. Қайта сақтандыру шарттары Компанияны сақтанушылар алдындағы міндеттемелерінен босатпайды. Компания өзінің қайта сақтандырушыларының қаржылық жағдайын бағалайды және ұқсас географиялық өңірлер бойынша қайта сақтандырушының төлем қабілетсіздігі салдарынан туындайтын елеулі шығындар тәуекелін азайту мақсатында қайта сақтандырушыларының қызметі немесе экономикалық сипаттамасына сәйкес туындайтын кредиттік тәуекелінің шоғырлануын бақылайды.

**Инвестициялық тәуекелдер**

Компанияның инвестициялық саясаты кіріс деңгейіне және уақыттың белгілі сәтінде ұйғарынды тәуекел деңгейіне негізделген бірнеше қағидаттарды ұстанады.

Компанияның инвестициялық портфелі кірістілік нормасына, өтеу мерзімдеріне және инвестициялау тәуекелінің деңгейіне сәйкес таңдалған қаржы құралдарынан құрылған. Осылайша қалыптастырылған инвестициялық портфель инвестициялау кезеңі ішінде біркелкі кіріс алуды қамтамасыз етеді. Инвестициялық кіріс әдетте инвестициялық портфельдің көлемін ұлғайту үшін қайта инвестицияланады.

**Кредиттік тәуекел**

Компания контрагенттерге тиесілі сомаларын толық көлемде және белгіленген мерзімде төлемеу тәуекелін құрайтын кредиттік тәуекелге ұшырауы мүмкін. Компания кредиттік тәуекелдің деңгейін, бір немесе бірнеше клиенттер бойынша, сондай-ақ, географиялық сегменттерге сәйкес, тәуекел сомасын шектеу арқылы анықтайды. Клиентке және қайта сақтандырушыға қатысты кредиттік тәуекелдің деңгейін шектеу, Компанияның алқалы органдарымен бекітіледі. Аталған тәуекелдер тұрақты бақыланады және жыл сайын немесе одан жиі мерзім ішінде қайта бағалауды және талдауды көздейді.

Компания сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешегінің қайтарылуын тұрақты қадағалайды. Егер дебиторлық берешегінің құнсыздануы айқындалатын болса, құнсыздану резерві қаржылық есептілікте құралады.

**Кредиттік тәуекелдің максималды мөлшері**

Компанияның кредиттік тәуекелінің максималды мөлшері нақты активтерге тән жеке тәуекелдерге және жалпы нарықтық тәуекелдерге сәйкес елеулі құбылуы мүмкін.

Келесі кестеде қаржы активтері бойынша кредиттік тәуекелінің максималды мөлшері көрсетілген. Баланс шоттарында көрсетілетін қаржы активтері үшін кредиттік тәуекелінің максималды мөлшері, активтер мен міндеттемелердің есепке алынғаны ескерілмей, аталған активтерінің баланстық құнына тең.

| | 2022 жылғы 31 желтоқсан | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Кредиттік тәуекелінің максималды мөлшері** | **Есепке алу сомасы** | **Есепке алынған соң, кредиттік тәуекелінің таза мөлшері** | **Қамтамасыз ету** | **Есепке алынған соң және қамтамасыз етуі ескерілгеннен кейінгі кредиттік тәуекелдің таза мөлшері** |
| Ақшалай қаражат пен оның баламалары | 378,845 | - | 378,845 | 242,625 | 136,220 |
| Банктердегі қаражат | 1,498 | - | 1,498 | - | 1,498 |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек | 1,243,259 | - | 1,243,259 | - | 1,243,259 |
| Қолда бар сатуға арналған қаржы активтері | 60,661,581 | - | 60,661,581 | - | 60,661,581 |
| Басқа қаржы активтері | 702,242 | - | 702,242 | - | 702,242 |

| | 2021 жылғы 31 желтоқсан | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Кредиттік тәуекелінің максималды мөлшері** | **Есепке алу сомасы** | **Есепке алынған соң, кредиттік тәуекелінің таза мөлшері** | **Қамтамасыз ету** | **Есепке алынған соң және қамтамасыз етуі ескерілгеннен кейінгі кредиттік тәуекелдің таза мөлшері** |
| Ақшалай қаражат пен оның баламалары | 129,004 | - | 129,004 | - | 129,004 |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек | 110,455 | - | 110,455 | - | 110,455 |
| Қолда бар сатуға арналған қаржы активтері | 32,624,403 | - | 32,624,403 | - | 32,624,403 |
| Басқа қаржы активтері | 243,919 | - | 243,919 | - | 243,919 |

Қаржы активтері, халықаралық танылған рейтинг агенттіктерімен берілген ағымдағы кредиттік рейтингтері ескеріліп жіктеледі. Ең жоғары болуы мүмкін рейтинг – ААА. Қаржы активтерінің инвестициялық деңгейі, халықаралық рейтинг агенттіктерімен берілген ААА - ВВВ рейтингтеріне сәйкес. Рейтингі ВВВ төмен қаржы активтері алыпсатарлық деңгейіне жатады.

Әрі қарай, Компанияның қаржы активтерінің кредиттік рейтингі бойынша жіктелуі берілген.

| | 2022 жылғы 31 желтоқсан | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **AAA** | **A+** | **BBB+** | **BBB** | **<BBB** | **Кредиттік рейтинг берілмеген** | **Жиыны** |
| Ақшалай қаражат пен оның баламалары | - | 2 | - | 111,708 | 257,171 | 9,964 | 378,845 |
| Банктердегі қаражат | - | - | - | - | 1,498 | - | 1,498 |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек | - | - | - | - | - | 1,243,259 | 1,243,259 |
| Қолда бар сатуға арналған қаржы активтері | 376,604 | 542,759 | 85,959 | 49,648,181 | 9,876,658 | 131,420 | 60,661,581 |
| Басқа қаржы активтері | - | - | - | 200,443 | 3,374 | 498,425 | 702,242 |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | **2021 жылғы 31 желтоқсан** | |
| | **AAA** | **A+** | **BBB+** | **BBB** | **<BBB** | **Кредиттік рейтинг берілмеген** | **Жиыны** |
| Ақшалай қаражат пен оның баламалары | - | - | - | 60,823 | 22,113 | 46,068 | 129,004 |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек | - | - | - | - | - | 110,455 | 110,455 |
| Қолда бар сатуға арналған қаржы активтері | 59,651 | 88,015 | 281,345 | 27,792,158 | 4,184,153 | 219,081 | 32,624,403 |
| Басқа қаржы активтері | - | - | - | - | - | 243,919 | 243,919 |

Компанияның кредиттік тәуекелі көбінесе Қазақстан Республикасында шоғырланған. Кредиттік тәуекелінің дәрежесі, Компанияның кредиттерді басқару саясатына сәйкес, лимитті сақтау және кредиттік қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында, үнемі мониторинг жүргізуге душар.

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құнсызданған қаржы активтері жоқ.

**Өтімділік тәуекелі**

Өтімділік тәуекелі — бұл, қаржы құралдарына байланысты міндеттемелерін өтеу үшін, Компанияның активтерін тез өткізу мүмкін еместігіне байланысты тәуекелі. Өтімділік тәуекелі активтерді әділ құны бойынша тез өткізу қабілетсіздігі нәтижесінде туындауы мүмкін; немесе, контрагенттің өзінің шарттық міндеттемелерін өтеу қабілетсіздігі бойынша; немесе, сақтандыру міндеттемелері бойынша төлем жасау мерзімінің жорамалданған мерзімінен бұрын басталуы салдарынан; немесе, ақшалай қаражатты болжамданған түрде туындату қабілетсіздігінен пайда болуы мүмкін.

Компания өтімділік тәуекелін басқаруды, өтімділік тәуекелі не екенін анықтайтын Компанияның аталған тәуекелді басқару бойынша жеке саясаты арқылы жүзеге асырады; төлем туралы шұғыл талаптарды қанағаттандыру үшін, қаражаттың ара қатынасының минималды мәнін белгілейді; күтпеген шығындарды қаржыландыру жоспарларын құрастырады; қаржыландыру көздерін және жоспарды іске қосатын оқиғаларды белгілейді; қаржыландыру көздерін шоғырландырады; тәуекелге ұшырау туралы және бұзушылықтар бойынша қадағалау органдарына қаржылық есептілікті ұсынады; өтімділік тәуекелі бойынша саясаттың сақталу мониторингі және өтімділік тәуекелінің орындылығы мен операциялық ортаның өзгеруіне сәйкестігі бойынша, өтімділік тәуекелін басқару саясатына шолу жасайды.

## 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
***(қазақстандық мың теңгеде)***

| | Орташа өлшенген тиімді пайыздық мөлшерлеме, % | 1 айға дейін. | 1-3 ай. | 3 ай–1 жыл | 1 жыл – 5 жыл | 5 жылдан астам | Өтеу мерзімі белгіленбеген | 2022 жылғы 31 желтоқсан Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ:** | | | | | | | | |
| Кері РЕПО келісімдері | 16.85% | 242, | - | - | - | - | - | 242,225 |
| Банктегі қаражат | 14.50% | - | 1,498 | - | - | - | - | 1,498 |
| Қолда бар сатуға арналған қаржы активтері | 10.56% | 196, | - | 8,227,988 | 36,603,301 | 13,997,250 | 83,815 | 59,109,096 |
| **Пайыздар есептелетін қаржы активтері жиыны** | | **438,** | **1,498** | **8,227,988** | **36,603,301** | **13,997,250** | **83,815** | **59,352,819** |
| Ақшалай қаражат пен оның баламалары | | 136, | - | - | - | - | - | 136,620 |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек | | 883, | 137,405 | 214,190 | 3,302 | 5,291 | - | 1,243,259 |
| Қолда бар сатуға арналған қаржы активтері | | - | - | - | - | - | 1,552,485 | 1,552,485 |
| Басқа қаржы активтері | | 492, | 52,254 | 87,341 | 70,296 | - | - | 702,242 |
| **Қаржы активтері жиыны** | | **1,** | **191,157** | **8,529,519** | **36,676,899** | **14,002,541** | **1,636,300** | **62,987,425** |
| **ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР:** | | | | | | | | |
| РЕПО келісімдері | 15.98% | 38, | - | - | - | - | - | 38,784,932 |
| **Пайыздар есептелетін қаржы міндеттемелері жиыны** | | **38,** | **-** | **-** | **-** | **-** | **-** | **38,784,932** |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешек | | 1, | 378,231 | 5,587 | 185,444 | | | 1,741,085 |
| Басқа қаржы міндеттемелері | | 103, | - | - | - | - | - | 103,441 |
| **Қаржы міндеттемелері жиыны** | | **40,** | **378,231** | **5,587** | **185,444** | **-** | **-** | **40,629,458** |
| Қаржы активтері мен міндеттемелердің айырмашылығы | | (38, | (187,074) | 8,523,932 | 36,491,455 | 14,002,541 | | |
| Пайыз есептелетін қаржы активтері мен міндеттемелерінің айырмашылығы | | (38, | 1,498 | 8,227,988 | 36,603,301 | 13,997,250 | | |
| **Пайыз есептелетін қаржы активтері мен міндеттемелерінің айырмашылығы, өсу нәтижесімен** | | **(38,** | **(38,344,467)** | **(30,116,479)** | **6,486,822** | **20,484,072** | | |
| **Пайыз есептелетін қаржы активтері мен міндеттемелерінің айырмашылығы, қаржы активтеріне қатысты өсу қорытындысымен, жиыны** | | **(60.94%)** | **(60.94%)** | **(47.86%)** | **10.31%** | **32.55%** | | |

| | Орташа өлшенген тиімді пайыздық мөлшерлеме, % | 1 айға дейін. | 1-3 ай. | 3 ай– 1 жыл | 1 жыл – 5 жыл | 5 жылдан астам | Өтеу мерзімі белгіленбеген | 31желтоқсан 2021 жыл Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ:** | | | | | | | | |
| Қолда бар сатуға арналған қаржы активтері | 9.53% | 505,391 | 219,533 | 1,017,257 | 20,491,701 | 9,070,189 | 87,612 | 31,391,683 |
| **Пайыз есептелетін қаржы активтері жиыны** | | **505,391** | **219,533** | **1,017,257** | **20,491,701** | **9,070,189** | **87,612** | **31,391,683** |
| Ақшалай қаражат пен оның баламалары | | 129,004 | - | - | - | - | - | 129,004 |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек | | 108,115 | 1,833 | 507 | - | - | - | 110,455 |
| Қолда бар сатуға арналған қаржы активтері | | - | - | - | - | - | 1,232,720 | 1,232,720 |
| Басқа қаржы активтері | | 21,740 | 56,619 | 53,257 | - | - | 112,303 | 243,919 |
| **Қаржы активтері жиыны** | | **764,250** | **277,985** | **1,071,021** | **20,491,701** | **9,070,189** | **1,432,635** | **33,107,781** |
| **ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ:** | | | | | | | | |
| РЕПО келісімдері | 10.68% | 23,875,462 | - | - | - | - | - | 23,875,462 |
| **Пайыз есептелетін қаржы міндеттемелері жиыны** | | **23,875,462** | **-** | **-** | **-** | **-** | **-** | **23,875,462** |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешек | | 111,143 | - | 40,591 | - | - | - | 151,734 |
| Басқа қаржы міндеттемелері | | - | - | 79,946 | - | - | - | 79,946 |
| **Қаржы міндеттемелері жиыны** | | **23,986,605** | **-** | **120,537** | **-** | **-** | **-** | **24,107,142** |
| Қаржы активтері мен міндеттемелердің айырмашылығы | | (23,222,355) | 277,985 | 950,484 | 20,491,701 | 9,070,189 | | |
| Пайыз есептелетін қаржы активтері мен міндеттемелерінің айырмашылығы | | (23,370,071) | 219,533 | 1,017,257 | 20,491,701 | 9,070,189 | | |
| **Пайыз есептелетін қаржы активтері мен міндеттемелерінің айырмашылығы, өсу қорытындысымен** | | **(23,370,071)** | **(23,150,538)** | **(22,133,281)** | **(1,641,580)** | **7,428,609** | | |
| **Пайыз есептелетін қаржы активтері мен міндеттемелерінің айырмашылығы, қаржы активтеріне қатысты өсу қорытындысымен, жиыны** | | **(70.59%)** | **(69.92%)** | **(66.85%)** | **(4.96%)** | **22.44%** | | |

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания 5,721,485 мың теңге мөлшеріндегі аққұла сыйлықақы резервін келесі жыл ішінде пайдалануды жорамалдауда, 2,303,749 мың теңге мөлшеріндегі қалған бөлігі 2030 жылдың аяғына дейін пайдаланылатын болады. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша аққұла сыйлықақы резервіндегі 1,407,782 мың теңге құрайтын қайта сақтандырушының үлесі, келесі жыл ішінде пайдаланылады, ал 332,086 мың теңге мөлшеріндегі қалған бөлігі, 2026 жылдың аяғына дейін пайдаланылатын болады.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания 2,281,979 мың теңге мөлшеріндегі аққұла сыйлықақы резервін келесі жыл ішінде пайдалануды жорамалдауда, резервтің 237,589 мың теңге мөлшеріндегі қалған бөлігі 2029 жылдың аяғына дейін пайдаланылатын болады. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша аққұла сыйлықақы резервіндегі 38,294 мың теңге құрайтын қайта сақтандырушының үлесі келесі жыл ішінде пайдаланылады, ал 17,340 мың теңге мөлшеріндегі қалған бөлігі, 2024 жылғы аяғына дейін пайдаланылатын болады.

Компания, 1,792,361 мың теңге құрайтын МРМШР резерві және шығындар резервіндегі 45,124 мың теңге мөлшеріндегі қайта сақтандырушының үлесі, 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша келесі жыл ішінде реттеледі деп күтуде.

Компания, 718,532 мың теңге құрайтын шығындар резерві және 43,454 мың теңге мөлшеріндегі қайта сақтандырушының үлесі, 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша келесі жыл ішінде реттеледі деп күтуде.

Бұрынғы кестелерде көрсетілген дисконтталған міндеттемелері, дисконтталмаған міндеттемелерінің сомаларынан елеулі айрықша емес, себебі, барлық міндеттемелері қысқа мерзімді болып табылады.

Қолда бар сатуға арналған қаржы активтері өтімділігі жеткілікті болса да және әділ құнына сәйкес үш ай ішінде, қажеттілігіне қарай сатылу мүмкіндігіне  қарамастан, өтеу күндері бойынша берілген.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өтеу мерзімдеріне сәйкес, қаржы активтеріне талдау жүргізу, есепті күннен кейін бір айға дейін және бір айдан, үш айға дейінгі кезеңінде, өтімділіктің елеулі жетіспеушілігін айқындайды. Компания басшылығы, аталған алшақтық үздіксіз қызметке қауіп туындатпайды деп есептейді, себебі, қолда бар сатуға арналған қаржы активтерін сату арқылы, немесе қосымша қаражат тарту есебінен оның орны толтырылады.

**Нарықтық тәуекел**

Компания, нарықтың жалпы және ерекше құбылмалығына сәйкес, пайыздық және валюталық мөлшерлемелері бойынша, сондай-ақ, шетел валютасындағы активтері мен міндеттемелері бойынша  ашық позициялары болуына байланысты, нарықтық тәуекел әсеріне ұшырайды. Компания нарықтық тәуекелдерін басқаруды, нарық жағдаятының жағымсыз өзгеруі нәтижесіндегі әлеуетті шығындарын дүркін-дүркін бағалау арқылы, сондай-ақ, ықтимал шығындар және пайда нормалары бойынша талаптардың көлеміне ақылға қонымды шектеулер қою жолымен жүзеге асырады.

### Пайыздық мөлшерлеменің өзгеруіне қатысты сезімталдығын талдау

Қазақстанда қалыптасқан экономикалық жағдайға сәйкес, Компания басшылығы 3% мөлшеріндегі ұлғаюды, пайыздық мөлшерлемелерінің нақты өзгеруіне апарады деп санайды. Аталған мөлшерлеме, пайыздық тәуекелі бойынша есептерді дайындау барысында, Компания ішінде негізгі басшылық мүшелері үшін қолданады, және пайыздық мөлшерлеменің өзгеру ықтималына қатысты Компания басшылығының бағалауын көрсетеді. 2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның бұндай құралдары болған емес.

| | 2022 жылғы 31 желтоқсан | | 2021 жылғы 31 желтоқсан | |
|---|---|---|---|---|
| | Пайыздық мөлшерлеме 3% | Пайыздық мөлшерлеме -3% | Пайыздық мөлшерлеме 3% | Пайыздық мөлшерлеме -3% |
| Қолда бар сатуға арналған қаржы активтері | (5,130,003) | 7,161,236 | (2,629,079) | 3,047,285 |

### Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел валютаны айырбастау бағамының өзгеруіне байланысты қаржы құралы құнының өзгеру тәуекелін белгілейді. Компания, оның қаржылық жағдайына және ақша қозғалысына әсер ететін шетел валютасы бағамының құбылуына ұшырайды. Компанияның валюталық тәуекелінің деңгейі туралы ақпарат төменде берілген:

| | Теңге | АҚШ доллары АҚШ 1 доллары = 462.65 теңге | Еуро 1 еуро = 492.86 теңге | Ресей рублі 1 рубль = 6.43 теңге | Басқа валюталар | 2022 жылғы 31 желтоқсан Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ** | 377,092 | 1,698 | 49 | 6 | - | 378,845 |
| Ақшалай қаражат пен оның баламалары | | | | | | |
| Банктегі қаражат | 1,498 | - | - | - | - | 1,498 |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек | 1,237,569 | 2,516 | 3,071 | - | 103 | 1,243,259 |
| Қолда бар сатуға арналған қаржы активтері | 52,456,563 | 6,109,774 | 542,759 | - | - | 59,109,096 |
| Басқа қаржы активтері | 691,006 | 9 | - | 11,227 | - | 702,242 |
| **ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ ЖИЫНЫ** | **54,763,728** | **6,113,997** | **545,879** | **11,233** | **103** | **61,434,940** |
| **ҚАРЖЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ:** | | | | | | |
| РЕПО келісімдері | 36,364,258 | 2,420,674 | - | - | - | 38,784,932 |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешек | 1,357,044 | 383,371 | 670 | - | - | 1,741,085 |
| Басқа қаржы міндеттемелері | 103,232 | - | - | 209 | - | 103,441 |
| **ҚАРЖЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ ЖИЫНЫ** | **37,824,534** | **2,804,045** | **670** | **209** | **-** | **40,629,458** |
| **АШЫҚ БАЛАНСТЫҚ ЖАЙҒАСЫМ** | **16,939,194** | **3,309,952** | **545,209** | **11,024** | **103** | **20,805,482** |

| | Теңге | АҚШ доллары 1 АҚШ доллары = 431.80 теңге | Ресей рублі 1 рубль = 5.76 теңге | 2021 жылғы 31 желтоқсан Жиыны |
|---|---|---|---|---|
| **ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ:** | | | | |
| Ақшалай қаражат пен оның баламалары | 106,595 | 22,409 | - | 129,004 |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек | 110,455 | - | - | 110,455 |
| Қолда бар сатуға арналған қаржы активтері | 30,681,863 | 709,820 | - | 31,391,683 |
| Басқа қаржы активтері | 233,862 | - | 10,057 | 243,919 |
| **ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ ЖИЫНЫ** | **31,132,775** | **732,229** | **10,057** | **31,875,061** |
| **ҚАРЖЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ:** | | | | |
| РЕПО келісімдері | 23,875,462 | - | - | 23,875,462 |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешек | 151,734 | - | - | 151,734 |
| Басқа қаржы міндеттемелері | 79,946 | - | - | 79,946 |
| **ҚАРЖЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ ЖИЫНЫ** | **24,107,142** | **-** | **-** | **24,107,142** |
| **АШЫҚ БАЛАНСТЫҚ ЖАЙҒАСЫМЫ** | **7,025,633** | **732,229** | **10,057** | **7,767,919** |

Үлестік құралдары жоғарыда көрсетілген кестеден шығарылған, себебі олар ақшалай құрал болып саналмайды.

**Валюталық тәуекелге қатысты сезімталдықты талдау**

Төменде берілген кестеде, 2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша теңге бағамының АҚШ долларына қатысты өсуі және төмендеуіне қатысты Компания сезімталдығының талдауы көрсетілген. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания басшылығының пайымдауына сәйкес, Қазақстан Республикасындағы экономикалық жағдайын ескере отырып, теңге бағамының АҚШ долларына қатысты құбылуы 25% дейін болуы мүмкін (2021 жылғы 31 желтоқсан: теңге бағамының АҚШ долларына қатысты құбылуы 25% дейін). Сезімталдықтың аталған деңгейі Компания ішінде, негізгі басқарушы персонал үшін, валюталық тәуекелі туралы есепті дайындау кезінде қолданады және валюталық бағамдарының өзгеруі бойынша басшылықтың бағалауын көрсетеді. Сезімталдықты талдауға, кезең аяғындағы қолда бар тек шетел валютасындағы сомалары кіргізілген, оларды 2022 және 2021 жылдардың аяғында айырбастау барысында, жоғарыда көрсетілген жорамалдары ескеріліп өзгертілген бағамдары қолданады.

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы активтерінің құнына негізделген капиталға және пайдаға салық салу алдындағы әсері, соңғы екі жыл ішіндегі айырбастау динамикасының тарихи деректері бойынша есептелген, айырбастау бағамының жылдық құбылмалылығы талдауын пайдалану арқылы есептеледі:

| | 2022 жылғы 31 желтоқсан | | 2021 жылғы 31 желтоқсан | |
|---|---|---|---|---|
| | Теңге/АҚШ доллар +25% | Теңге/АҚШ доллар -25% | Теңге/АҚШ доллар +25% | Теңге/АҚШ доллар -25% |
| Салық салуға дейінгі пайдаға әсері | 827,488 | (827,488) | 245,893 | (245,893) |

Үлестік құралдар жоғарыда көрсетілген кестеден шығарылған, себебі олар ақшалай құрал болып саналмайды.

**Сезімталдық талдауын шектеу**

Жоғарыда берілген кестелерде, басты болжаудағы өзгерістер нәтижесі көрсетілген, басқа болжамдары өзгертусіз қалған. Іс жүзінде, болжаулар мен басқа факторлар арасында байланысы бар. Сонымен қатар, сезімталдықтың сипаты сызықтық емес екенін ескеру керек, сондықтан алынған нәтижелердің интерполяциясы немесе экстраполяциясы жүргізілмеуі тиіс.

Сезімталдық талдауы, Компания активтері мен пассивтерін белсенді басқаратынын ескермейді. Осыған қосымша, Компанияның қаржылық жағдайы нарықтағы өзгерістерге тәуелді өзгеруі мүмкін. Мысалы, қаржы тәуекелін басқару саласындағы Компанияның стратегиясы нарықтағы тәуекелдің ауытқуын басқаруға бағытталған. Бағалы қағаздар нарығындағы бағалардың жағымсыз кенеттен ауытқуы туындағанда, басшылық инвестицияларды сату, қаржыландыру қоржынының құрамын өзгерту тәсілдерін қолдануға, сонымен қатар, басқа қорғаныс әдістерін пайдалануы мүмкін. Демек, болжаудың өзгеруі, балансқа нарықтық құнымен есептелетін активтер мен міндеттемелерге елеулі әсер етпейді. Бұл жағдайда, активтер мен міндеттемелерді әртүрлі әдістермен бағалау, капитал мөлшерінің маңызды ауытқуына апаруы мүмкін.

Жоғарыда берілген сезімталдық талдауындағы өзге шектеулері, оларды сенімді жорамалдау мүмкін емес, нарықта болатын алдағы өзгерістері туралы Компанияның болжамын білдіретін әлеуетті тәуекелді ашу мақсатында, нарықтағы гипотетикалық іс-қимылдарын пайдалануды қамтиды. Аталған шектеулер ретінде, барлық пайыздық мөлшерлемелері ұқсас өзгеретінін айқындайтын болжаулары танылады.

**Баға тәуекелі**

Баға тәуекелі – бұл, нарықтық бағаларының өзгеруі нәтижесінде, қаржы құралы бағасының өзгеру тәуекелі, аталған өзгерістер жеке бағалы қағазға немесе оның эмитентіне қатысты ерекше факторлар салдарынан туындауынан тәуелсіз, немесе, нарықтағы айналыстағы барлық бағалы қағаздарға әсер ететін факторларынан тәуелсіз. Компания, нарықтағы жалпы немесе ерекше өзгерістері оның өніміне әсер етуіне байланысты баға тәуекеліне ұшырайды.

Қаржы активтері ретінде жіктелген, қолда бар сатуға арналған үлестік бағалы қағаздарының әділ құнына негізделген, активтерінің капиталға қатысты әсері 2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша келесі түрде берілген:

| | **2022 жылғы 31 желтоқсан** | | **2021 жылғы 31 желтоқсан** | |
|---|---|---|---|---|
| | **Бағаның өзгеруі +3%** | **Бағаның өзгеруі -3%** | **Бағаның өзгеруі +3%** | **Бағаның өзгеруі -3%** |
| **Үлестік бағалы қағаздары:** | | | | |
| Қолда бар сатуға арналған қаржы активтері | 46,575 | (46,575) | 36,982 | (36,982) |
| **Капиталға таза әсері** | **46,575** | **(46,575)** | **36,982** | **(36,982)** |

## 30. Есеп беру күнінен кейінгі оқиғалар

Басшылық есеп беру күнінен кейін болған қандай болмасын елеулі оқиғалар жайында беймәлім.